

«ЫРҒЫЗ АУДАНДЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІ»

Педагогикалық
кеңес отырысында
хаттама №1

«14» 09 2020 ж

Келісемін:
Ырғыз аудандық білім
бөлімінің басшысы К.Б. Аманжол



2020 ж

Бекітемін:
«Алақай» бөбекжай-бақшасының
меңгерушісі: Р.Арыкбаева

«28» 08 2020 ж



2020-2021 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН
«ОЙЛАН, ШАТТАН, БАЛАҚАЙ» ЖӘНЕ «ТАЗА АУАДАҒЫ ШЫНЫҚТЫРУ»
(вариативтік компонент)

«Алақай» бөбекжай-бақшасының
«Жұлдыз» ересек тобының
тәрбиешісі: Омарова М.С
Тексерілді:
«Алақай» бөбекжай-бақшасының
меңгерушісі: Р.Арыкбаева

2020-2021 ОҚУ ЖЫЛЫ

Тақырыбы: «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен»

Мақсаты: балаларға үлкенді сыйлауға, адамгершілікке, имандылыққа, кішіпейілдікке, жақсыны үйреніп, жаманнан жиренуге баулу. Ата-анаға, туған жерге, еліне деген сүйіспеншіліктерін арттыруға ықпал жасау

Көрнекілігі: Нақыл сөздер, тыйым сөздер, жиналмалы суреттер, кітаптар

Барысы:

-Құрметті оқушылар! Сендер болашақ өмірдің мұрагерісіңдер. Осы тәрбие сағатымызда сендерді әсемдікке, әдемілікке дағдыландыра отырып, жақсыдан үйренуге, жаманнан жиренуге үлкенді сыйлау, кішіге көмек беру, өзін-өзі қалай ұстау керектігі жөнінде сіздермен әңгімелесетін боламыз

- Ертеде қаз дауысты Қазыбектің ауылына бір саудагер келіпті. Түстеніп тамақ ішіп болған соң Қазыбекке:

- Би бір сөз сұрайын деп едім- депті.
- Сұраңыз,- дейді Қазыбек би.
- Біз өзара дауластық та, ойластық та, бірақ шешуін таба алмай қойдық
- Сөздің атасы кім, апасы кім? – депті

Сонда Қазбек:

- Сөздің атасы – бірлік, анасы – шындық деген екен.
- Балалар, бірлік дегеніміз – тату болу деген сөзді білдіреді.
- Ал шындық туралы сендер не білесіңдер. Егер шындық – сөздің анасы деп түсінетін болсақ, онда ол қандай қасиет болған? (балалар өтірікпен салыстыра отырып, шындыққа анықтама береді)

-Ал, адал болу деген не? (Балалардың жауаптары. Олар адалдық қасиеттің мәні жөнінде пікір таластырып, анықтама шығарады).

- «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» деп ата-бабаларымыз айтып кеткендей, қандай атадан қалған асыл сөздер мен мақал-мәтелдер білесіз тақтаға жазамыз

1. Денсаулық – зор байлық.
2. Ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын ізде.
3. Шынықсаң – шымыр боласың.
4. Ауруын жасырған өледі.
5. Арақ – атаңның асы емес.
6. Дені саудың – жаны сау.
7. Ішің ауырса, аузыңды тый.
8. Емнің алды – еңбек.
9. Жарлының байлығы – денінің саулығы.
10. Темекі – жау.

-

Бөлімі: Драма

Мақсаты: ертегі мазмұнын түсіндіре отырып, балаларға адамгершілік тәрбие беру. Бала бойына достық, қамқорлық, кішіпейілділік қасиеттерін ояту. Ертегі мазмұны мен жағымды кейіпкерлерді ажыратуға баулу. Ертегі желісі бойынша тапсырмалар үйрету арқылы, кейіпкерлерді достыққа шақыру.

Сөздік жұмыс: түлкі, тырна.

Заттық дамыту ортасы: ертегі кейіпкерлерін сахналау, слайд арқылы көрсету, түсіндіру, Восковичтің дамыту ойындарын қолдану

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің оқу қызметі	Балалардың оқу қызметі
Мотивациялық қозғаушылық	Шаттық шеңбері Біз әдепті баламыз Біз ерекше баламыз Үйге қонақ келгенде «Сәлеметсіз бе!» -деп Амандасып аламыз.	Балалар шеңбер бойына тұрып шаттық шеңберін орындайды.
Ұйымдастырушы іздену	- Балалар сендердің бүгінгі көңіл-күйлерің қалай? Сендер менімен бірге саяхатқа шыққыларың келе ме? Олай болса мен сендерді ертегілер еліне саяхатқа шақырамын(балаларды әуен ырғағымен поезд тәріздес етіп жүргіземін) Таңғажайып сәт. Балалардың алдынан ертегілер елінің ханшайымы шығады. Ханшайым: -Сәлеметсіздер ме, балалар?Мен сендерді көріп қуанып тұрмын.Сендер қандай мақсатпен ертегілер еліне келдіңдер?Сендердің келгендерің өте жақсы болды.Маған сендердің көмектерің өте қажет болып тұр. Олардың кім екенін жұмбақтар шешу арқылы біле аламыз Сендер көмектесесіңдер ме балалар? Жұмбақтар шешу: 1 Өзі айлакер, өзі қу, Жүрген жері айқай да шу. 2 Көкте ұшады тізіліп, Біз қараймыз қызығып. Осы кезде түлкі мен тырна ортаға келеді. -Балалар бұл «Түлкі мен тырна» ертегісіндегі кейіпкерлер ғой. Олай болса жайғасып отырып ертегіні тамашалаңдар. «Түлкі мен тырна» ертегісін сахналау. Ханшайым: Ерте, ерте, ертеде түлкі мен тырна өмір сүріпті. Бір күні олар орманда кездесіпті. Екі дос бірін-бірі қонаққа шақырыпты. -Досым тырна маған қонаққа кел, сен үшін бәрін дайындап қоямын -деді түлкі. Тырна түлкіге қонаққа келді.Түлкі ботқа пісіріпті Ботқаны тарелкеге салып тырнаға берді.	Балалардың жауабы. -Сәлеметсіз бе, ханшайым. -Иә, көмектесеміз. Балалар жұмбақты шешеді. -түлкі -тырна

	Ханшайым: Тырна тарелкені тырс-тырс еткізіп ботқаны жей алмады. Түлкі: -Менде басқа ештеңе жоқ, тамақтан досым. Тырна: -Рахмет, досым енді мен сені қонаққа шақырамын. Ханшайым: Ертесіне тырна түлкіні қонаққа шақырады. Етті картоппен қуырып, құмыраға тамақты салып береді. Тырна: -Тамақтан сүйікті досым -деді. Ханшайым: түлкі құмыраға басын былай салып, былай салып бірақ жей алмайды. Түлкі: -Сен қонақты қалай қарсы алуды білмейсің ба? -деп ашуланып кетіп қалады. Ханшайым: Содан бері екі дос бір-біріне ренжіпті. Осымен ертегіміз аяқталды. Тәрбиеші: -Балалар ертегі сендерге ұнады ма? -Бұл жерде қандай кейіпкерлер бар? -Түлкі тырнаны қонаққа шақырғанда қандай ыдыспен тамақ берді? -Тырна іше алды ма? -Ал тырна түлкіге не істеді? -Ертегі кейіпкерлері бір-біріне ренжіп қалды. Оларға достық жетіспейді -Балалар біз тырнаны достастырсақ қайтеді. Олай болса ең алдымен сергіту жаттығуын орындап алайық. Сергіту сәті: Саусақтар шыншыр болады, Үзілмейді тартсаңда. Ал, піл келіп шынжырды, Үзіп кетті басқанда Тұмсығымен доп іздеп, Ойнағысы келіп тұр. Достық үшін пілге мен, Гүл сыйлағым келіп тұр. -Түлкі мен тырнаның бір біріне тапсырмалары бар екен, соларды орындаса ғана достасады екен. Оларды достастыруға дайынбыз ба? Балаларды екі топқа бөліп отырғызып, «түлкілер және тырналар» екі топқа бөлеміз.	Балалар ертегіні түсініп тыңдайды. Балалардың қызығушылық сезімдері оянады. -Иә, ұнады, өте қызықты болды. -Тәрелкемен тамақ берді -Тырна іше алмады -Тырна түлкіге құмырамен тамақ берді.
--	---	---

	1Логикалық сұрақтар:(Интерактивті тақта бойынша балаларға тапсырма беріледі) Дидактикалық ойын: «Не артық?» 2Восковичтің дамыту ойыны: түлкі мен тырнаның тамақ құйып берген ыдыстарын нүктелерді қосу арқылы көрсету. Ханшайым балаларға рахметін айтып оларға өз сыйлығын табыс етеді.музыка әуенімен балабақшаға оралу.	Балалар қимыл-қозғалыс арқылы өлең жолдарын қайталап айтады -Иә, дайынбыз. Балалар сұрақтарға толық жауап береді. Балалар берілген тапсырманы орындайды.
Рефлексивті коррекциялаушы	-Балалар,біз қайда саяхатқа бардық? -Ол жақта кімдерді көрдік? -Ханшайым қандай көмек сұрады? -Түлкі мен тырна неге ренжісті? -Біз оларды қалай достастырдық? -Балалар, бүгін сендер үлкен іс тындырдыңдар.Ренжісіп қалған түлкі мен тырнаны достастырдыңдар. Мадақтау!	-ертегілер еліне саяхатқа бардық. -түлкі мен тырнаны көрдік. - берген тапсырмаларын орындадық.

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: жасайды, ертегі мазмұнын түсініп тыңдайды.

Түсінеді: кейіпкерлердің дұрыс еместігін.

Қолданады: достық сөзін түсініп, бір-біріне қамқор болуды.

Тақырыбы: «Дос іздеген бота» ертегісі

Білім беру саласы: «Коммуникация»

Бөлімі: Көркем әдебиет

Мақсаты:

Балаларға «Дос», «Достық» құндылығы туралы түсінік беру. Баланың айналаны өзі танып-білуіне жағдай жасау. Достар арасындағы сыйластық, достық, сүйіспеншілік туралы түсініктерін кеңейту. Өзара сыйластық қарым-қатынастарын дамыту. Достаса білуге, татулыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. Шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Әдіс-тәсілдер: Әңгімелеу, түсіндіру, сұрақтар – жауап, ойын, мақал-мәтелдер, тақпақтар айту. Қажетті көрнекі-құралдар: Терек, жапырақтар, суреттер, слайд.

Қостілдік компонент: Дос-друг- френд, достар-friends (френдс)

Іс-әрекет кезеңдері Тәрбиеші іс -әрекеті Балалар іс-әрекеті

Себеппі

қызығушылығын

ояту Балалар, бүгін күн қандай керемет! Бәріміз шеңберге тұрып, бір-бірімізге жақсы тілектер айтайықшы. Топқа Маша келеді. (көңілсіз) - Сәлеметсің бе Маша! Сен неге көңілсізсің. Маша: - Менің көңіл күйім түсіп кетті, өйткені менің достарым жоқ. Қарап тұрсам, сендер өте көңілдісіңдер, сендер көпсіңдер. Мен достардың қандай болатынын да білмеймін. - Балалар, алдымен танысып алайық. Балалар шеңбер болып тұрып, бір-біріне жақсы тілектер айтады. Маша мен амандасады. Маша мен танысады.

Ұйымдастырушы-

лық ізденіс кезеңі -Машаға көмектесіп, достың қандай болатынын және достық туралы айтып берейік. -Балалар, сендер дос, достық дегенді қалай түсінесіңдер? - Дос, достық дағеніміз-адамдар арасынағы жақсы қарым-қатынас. Достар бір-бірін алдамайды, ренжітпейді, бір-біріне көмектеседі, бірге ойнап, бірге күліп, бір нанды бөлісіп жеу керек. - Сендердің достарың бар ма? -Фатима айта қойшы сенің досың кім? -Ерқанат сенің досың кім? Қостілдік компонент: Дос-друг-friend, достар-друзья-friends (френдс) Балалардың көңілін аударып, видео көрсету. - Балалар сендерге ертегі ұнай ма? - Ендеше сендерге «Дос іздеген Бота» деген ертегіні айтып берейін. «Ерте, ерте, ертеде боталы Түйе болыпты.» (ертегі айтылады) -Сендерге ертегі ұнады ма? - Не түсіндіңдер ертегіден? - Ертегіде қандай кейіпкерлер бар? -Сонда достық адамның кейіпінен емес, түсінен емес, ұлтынан емес, жүрек қалауымен болады екен. Сергіту сәті: Ән салуға барамыз(шеңбер бойымен жүреді) Досымызды табамыз(тоқтайды) балалардың жауабы Дос-друг, достар-friends

Білім беру саласы: Таным.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері: Жаратылыстану

Тақырыбы: От пен су ертегісі

Мақсаты:

1. Балаларға су туралы түсінік беру және судың қажеттілігін, оның адамның, құстың, жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігіндегі маңызы туралы түсіндіру.

2. Судың табиғатта баға жетпес сый екенін айту, түсініктерін қалыптастырып дамыту. Суды үнемдеп пайдалануға және судың барлық ерекшеліктері туралы сипаттау.

3. Қазіргі кезде адамзат ауасын жұтып, суын ішіп отырған табиғат-ананы қорғап, аялауға үйрету. Суды лаптамауға тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: су, қант, тұз, қасық, сүт, гуашь бояулары, әр түрлі суреттер, түтікше, жұмыртқа, тұз, стақан, қар, мұз.

Сөздік жұмыс: судың қасиеті, түссіз, дәмсіз, иіссіз, қатты, сұйық, бу.

Оқу іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
1.Мотивациялық – қозғаушылық	Шаттық шеңбері: Самал жел бізді желдетші, Күн нұры бізді жарқырат. Таза ауа дем берші, Мөлдір су бізді салқындат. - Тамаша!! Ал, балалар қазыр жылдың қай мезгілі? - Күзде неше ай бар? - Қандай үш ай? - Қазір қандай ай? Күз мезгілінде қандай өзгерістер болады? - Керемет. Балалар.	- Қазыр жылдың күз мезгілі. - Күзде үш ай бар. - Қыркүйек, қазан, қараша - Қазыр қараша айы. - күн суытып, жапырақтар сарғайып түседі, аспанды бұлт торлап, жаңбыр жие жауады.
	Ал енді балалар барлығымыз жайғасып отырайық, арқамызды тік ұстап, әдемі отырамыз. Бүгінгі оқу қызметінің тақырыбын айтпас бұрын, мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр, ал сендер мұқият тыңдаңдар: Дәмі де жоқ, түсі жоқ Пайдаланбас кісі жоқ. Ол не? Дұрыс балалар, әрине су. Ал ендеше бүгінгі	Жауабы: Су.

Білім беру саласы: Коммуникация

Ұйымдастырылған оқу қызметі : Драма

Тақырыбы: Гүл туралы аңыз

Мақсаты: Балалардың ертегіні түсіну дәрежесін анықтап, білімдерін тиянақтау. Жамандық жасамауға, өр көкірек болмауға, мейірімділікке тәрбиелеу. Табиғатты аялай білу, ондағы кереметтер туралы түсіндіру. Өз ойларымен әңгімелеуді үйрету. Ертегіні сахналау.

Әрекет кездері	Тәрбиешінің іс – әрекеті	Балалардың іс – әрекеті	Енгізу
Дәлелді ояту	Шаттық шеңбері. «Дос болайық бәріміз» Х.Талғаров. Қызығушылықтырын ояту. Жұмбақ жасыру.	Өлең жолдарын шеңберге тұрып қимылмен көрсету. Жұмбақ шешуге қызығушылық таныту.	Дос болайық бәріміз, Жарасып тұр әніміз. Тыныштықты сақтаймыз, Атсын күліп таңымыз. Жұмбақ жасыру Атасы күн, Анасы жер, бұл не? (гүл)
Ұйымдастыру – іздену	1. Ертегіні көрнекілік арқылы көрсетіп түсіндіру. Сұрақ-жауап. -Бай гүлді неге жұл деді? -Бай ауырғанда оған кңм бал әкелді? -Балды біз қайдан аламыз? -Бай тәуір болған соң гүл туралы не ойлады? Сөздік жұмыс жүргізу. 2.Гүл жайында түсінік беру. Сұрақ – жауап. -Бізге қандай пайдасы бар? -Топ ішінде гүлдердің пайдасы қандай? -Оларға қандай қамқорлық жасау керек?	Тәрбиешіні тыңдау. Қойған сұрақтарға толық жауап беру.	Сөздік жұмыс: қиналды, балгер, нәр, жойды Тақпақ: Жерде тұрып өсетін, Әкеп гүлдің көешетін. Топыраққа салдым да Отырғыздым қалбырға, Жел ысқырып күз келді Жапырақтар түсті енді Жаурамасын тоңып гүл, Тысқа қарап, күліп тұр.

	3. Ертегіні сахналау Мағынасын түсіндіру.		
Рефлексстік түзету	Тақпақ жаттау. «Гүл» Балаларды мадақтау.	Сабақтан алған әсерлерімен бөлісу, достарны мадақтау.	

Күтілетін нәтиже:

Білу: Ертегі туралы түсініктері болуы керек.

Игеру: Сұраққа жауап беру, сөйлем құрау арқылы сабақ тақырыбын игереді.

Меңгеру: Ертегі туралы түсіне отырып, оны сомдау жолдарын меңгереді.

Білім беру саласы: Коммуникация.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекет түрі: Драма.

Тақырыбы: «Бауырсақ» ертегісінің кейіпкерлері.

Мақсаты: Балаларға ертегі туралы түсінік беру. Тілдік қорларын дамыту. Ертегіні тыңдауға қызығушылықтарын арттыру.

Қолданылатын көрнекі құралдар: Бауырсақ ертегісінің суреттері, материалдар.

Оқу қызметінің кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Шаттық шеңбер: Қайырлы күн! Жарқырап күн ашылды, Алтын сәуле таратын. Қайырлы күн! Біз нәзік қыздармыз. Қайырлы күн! Біз ер жүрек ұлдармыз.	Шаттық шеңберге тұрады, бір-бірімен амандасады. Шеңберге тұрып, тақпақты қимылмен айтады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Балалар өткен ұйымдастырылаған оқу іс-әрекетімізде Ертегіге саяхат жасадық, Жетілақ ертегісіне. Қане еске түсіріп өтейікші. -Біз бүгін ұйымдастырылған оқу іс-әрекетімізде ертеден келе жатқан «Бауырсақ» ертегісі. Бұл ертегіні бәрімізде білеміз. Ертегіні есімізге түсірейікші. Ертеде шалмен кемпір болыпты, шалы кемпіріне бауырсақ пісіруін сұрайды. Кемпір бауырсақ пісіріп, суысын деп	Балалар жауап береді.

	терезе алдына қояды. Жата-жата жалыққан бауырсақ, терезеден секіріп түсіп домалай жөнеледі. Жолда қоянға, қасқырға, аюға кездеседі, түлкі бауырсақты жеп қояды. Міне балалар, бауырсақ сәтсіздікке ұшырайды. -Түлкі қандай? -Бауырсақты жеп қойғаны аянышты ма? Ал енді бүгін «Бауырсақ» ертегісінің жаңа нұсқасында бауырсақ сәтсіздікке ұшырамайды, керісінше жақсылыққа кенеледі. Олай болса, «Бауырсақ» ертегісінің жаңа нұсқасымен таныс болайық. Балаларымыз рөлдерге бөліп ойнап көрейік. Кемпір: -Неден пісірейін? Ұн жоқ қой!	Балалар еске түсіреді. -Айлакер, қу. -Әрине. Балалар рөлдерге бөлінеді.
	Шал: Әй, кемпір-ай! Қойманың түбін қырнап көрсең ғой бауырсақтық ұн табылып қалар. Тәрбиеші: Кемпір солай істейді, қойма түбін қырнап-қырнап екі уыс ұн табады да, қаймақ қосып, қамыр илеп, бауырсақты майға пісіріп, терезе алдына суытқалы қояды. Жата-жата жалыққан бауырсақ терезе алдынан домалап түседі де, одан әрі жолмен зырлай жөнеледі. Бауырсақ жолда зымырап бара жатса, қарсы алдынан қоян шыға келеді. Қоян: Бауырсақ! бауырсақ! Мен сені жеп қоямын! Бауырсақ: Жоқ, сен мені жеме саған өлең айтып берем. -Мен бауырсақ, бауырсақ, Атамнан қаштым, Әжемнен қаштым. Ал сенен қашу, қоян, Қиын емес маған. Осылай әндетіп бауырсақ домалай жөнеледі. Бауырсақ жалғыз аяқ жолмен келе жатса, оның алдынан қасқыр шыға келіп. Қасқыр: Бауырсақ! бауырсақ! Мен сені жеп қоямын! Бауырсақ: -Сен мені жеме, мен саған өлең айтып беремін. -Мен бауырсақ, бауырсақ Мен атамнан қаштым Әжемнен де қаштым Қасқыр, сенен де құтылам-деп домалай жөнеледі. Бауырсақ орман ішімен домалап келе жатса оған аю қарсы шығады. Аю:	

	Әй, бауырсақ! Мен сені жеп қоямын! Бауырсақ: -Сен мені жеме, мен саған өлең айтып берейін. -Менен бауырсақ, бауырсақ	
-Менен бауырсақ,бауырсақ Мен атамнан қаштым, Мен әжемнен қаштым. Ұйымдастырушылық-ізденістік	Мен атамнан қаштым, Мен әжемнен қаштым. Қояннан да қаштым, Қасқырдан да қаштым Аю сенен де қашам-деп Тәрбеші: Осылай бауырсақ әрі қарай домалай жөнеледі. Түлкі: Амансыңба, бауырсақ! Көргендерге ұнайды, жүзің қызыл шырайлы! Тәрбиеші: Бауырсақ мақтағанға мәз болып, өлеңін айта бастайды.Түлкі болса қыбырын білдірмей, жақындай береді. Түлкі: -Оңай құтыла алмайсың, менің тапсырмаларымды орында, сені жемеймін. Мен жұмбақ жасырамын. Күнде жейміз. Тәтті дейміз. Қадір тұтып құрметтейміз. Жарайды бауырсақ мен сені жемеймін, сенің достарың көп екен. Сау болыңдар! Сергіту сәті. Мынау-менің жүрегім, Бәрі осыдан басталған. Мынау-басым ақылды, Бәрін осы атқарған. Мынау-менің оң қолым, Мынау-менің сол қолым, Барлық істі атқарған. Ғажайып сәт! Бауырсақтың келуі	Балалар ертегіні мұқият тыңдайды. Бауырсақ жауап береді. -Нан. Балалар таңдана қарайды.
Рефлексиялық-түзетушілік	Балалар бүгін біз қандай ертегімен таныстық. Жарайсыңдар, балалар. -Бауырсақ неден жасалады? -Ұннан жасалатын тағамдарды атаңдаршы? Бауырсақ қандай аңдарға кездеседі? -Түлкі қандай? Ертегі сендерге несімен ұнады? Балаларды жеке-жеке мақтап, мадақтау.	Балалардың жауабы. -Бауырсақ ертегісімен. -Ұннан жасалады. -Бауырсақ, нан, торт, печенье. Балалар түлкімен қоштасады. -Қоян. -Қасқыр. -Аю. -Айлакер, қу.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: балалар жағымды, жағымсыз қасиеттерді айыра білді.

Игерді: кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалай білуді.

Меңгерді: ертегінің мазмұнын айта білуді.

Білім беру саласы / Образовательная область: «Қатынас», көркем әдебиет

Тақырыбы / Тема: «Шалқан» ертегісі

Мақсаты / Цель: Балаларды ертегіні тыңдауға үйрету. Ертегіге деген қызығушылығын арттыру. Бір –біріне көмек көрсетуге үйрету.

Сөздік жұмыс/ Словарная работа: шалқан

Қамтамасыздандыру/Оснoщение: доп, түрлі-түсті доптардың суреттері

Үштілділік/ Полиязычие: шалқан - репка – turnip

Іс-әрекет кезеңдері.	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы Мотивационно-побудительный	Балалар сендер қандай ертегілер білесіңдер?	Балалар «Бауырсақ», «Маша мен аю» ертегісін білеміз.
Іздену-ұйымдастырушылық Организационно – поисковый	Біз бүгін «Шалқан» ертегісімен танысамыз. Тәрбиешінің ертегіні оқып беруі. Ертегі желісі бойынша сұрақтар қою: Ата не екті? Шалқан қандай болып өсті? Ата кімді көмекке шақырды? Әже көмекке кімді шақырды? Немере қызы кімді көмекке шақырды? Ит пен мысық көмекке қалай келді? Ең соңында шалқанды жұлуға не келді? Сергіту сәтін орындату. Ертегіні тағы бір рет оқып шығу. Балаларға өз түсініктерінше айтқызу. Қиналғандарға көмек ұсыну.	Балалар мұқият тыңдайды. Балалар ертегінің желісі бойынша сұрақтарға жауап береді. Ата шалқан екті. Шалқан үлкен болып өсті. Ата әжені көмекке шақырды. Атамен әже шалқанды тартты – тартты тарталмады. Әжесі қызды көмекке шақырды, күштері жетпеді. Сөйтіп қызы итті, ит мысықты, мысық тышқанды көмекке шақырды. Тышқан тартқанда шалқан жұлынды. Сергіту сәтін орындайды. Тағы ертегіні тыңдайды. Балалар өз түсініктерінше ертегіні әңгімелейді.Ертегіні айтуға қиналған балаларға көмек беріледі.
Рефлексивті - коррекциялаушы Рефлексивно – корректирующий	Ал балалар сендер үлкендерге, кішкентайларға, бір –бірлеріне көмек берулерің қажет. Балаларды мақтап – мадақтау.	Балалар бір –біріне көмектесуге талпынады. Балалар дән риза.

Күтілетін нәтиже:

Қабылдайды/ Воспроизводят : Ертегі мазмұнын.

Түсінеді / Понимают: Ертегі не жайлы екенін.

Қолданады / Применяют: Сұрақтарға жауап беруді.

Бағдарламалық мазмұны: Балаларға «Үйшік» ертегісін үстел үсті театр арқылы таныстыру. Ертегінің мазмұнын түсіндіру арқылы, сөздік қорын, ойлау қабілетін дамыту. Ертегіні сахналау барысында балаларды достыққа, татулыққа тәрбиелеу.

Алдын-ала жүргізілетін жұмыстар: "Үйшік" ертегісін үстел үсті театры арқылы әңгімелеу.

Әдіс-тәсілдері: Әңгімелесу, сұрақ-жауап, көрсету

Қажетті көрнекті құралдар: "Үйшік" ертегісі үстел үсті театры.

Билингвалдық (қостілділік)компанент: Үйшік – теремок, қасқыр – волк, түлкі- лиса, бақа – лягушка, қоян – заяц, аю-медведь, тышқан - мышь

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Себепті қызығушылығын ояту кезеңі	Шаттық шеңбер: Арайлап таң атты! Алтын сәуле таратты! Қайырлы таң, балалар! Қайырлы таң, қонақтар! Балалар сендер ертегі жақсы көресініз ба! Ғажайып сәт: (Музыка әуенімен Алдар көсе келеді) - Сәлеметсіңдер ме, балалар! -Балалар, сендер ертегі тыңдағанды ұнатасыңдар ма? - Ал, сендер қандай ертегілер білесіңдер?	Балалар шаттық шеңберге тұрып қимыл – қозғалыс жасайды. -ия - Сәлеметсіз ба? - Иә - "Шалқан", "Бауырсақ" "Алтын жұмартқа", «Үш аю».
Ұйымдастырушылық ізденіс кезеңі	- Ендеше балалар, мен сендерге арнап, тамаша ертегі кітап алып келдім. Бұл кітапты апайларын жақсылап оқып берсін. - Алдар көсе, сізге үлкен рахмет! -Келіңіз, төрлетіңіз біздің балаларымызбен бірге ертегімізді тамашалаңыз. - Мен бұл ертегіні балаларға үстел үсті театры арқылы айтып берейін. - Келісесіңдер ме, балалар? - Жарайсыңдар, ендеше мұқият тыңдаңдар. - Ертеде жазық далада бір үйшік болыпты. Бір мезгілде шиқылдауық тышқан әдемі үйшікті көріп, тоқтай қалып сұрайды: —шик-шик-шик үйшік-үйшік! Кім үйшікте тұрады? - Бірақ оған ешкім үн қатпады, сөйтіп тышқан	- Иә, келісеміз Балалар тындап отырады.



үйшікке кіріп өмір сүреді.

- Содан кейін бақылдап бақа келеді:
— бақ-бақ- бақ үйшік-үйшік! Кім үйшікте тұрады?

- Деп бақа сұрады.
— Мен, шиқылдауық тышқанмын.
— Ал мен, бақылдаған бақамын.
— Кел, бірге тұрайық!

— деп бақа мен тышқан үйшікте бірге өмір сүреді. Секендеп қоян келеді. Тоқтай қалып сұрайды:

— Үйшік-үйшік! Кім үйшікте тұрады?
— Мен, шиқылдауық тышқанмын.
— Мен,..бақылдаған бақамын.
— Ал сен кімсің?

- деп екеуі сұрайды
— Мен, секендеген қоянмын.
— Кел, бізбен тұр!
- Енді олар үшеуі үйшікте тұрады.

-Терезені түлкі келіп тоқылдатады:
— Үйшік-үйшік! Кім үйшікте тұрады?

- деп олда сұрайды
— Мен, шиқылдауық тышқанмын.
— Мен, бақылдаған бақамын.
— Мен, секендеген қоянмын.
— Ал сен кімсің?
— Мен түлкімін.

- деп түлкі жауап қайтарады.
— Кел, бізбен тұр!
- Енді олар төртеу болады.
Жүгіріп келіп есіктен сұр қасқыр сұрайды:
— Үйшік-үйшік! Кім үйшікте тұрады?

- деп олда сұрайды:
— Мен, шиқылдауық тышқанмын.
— Мен, бақылдаған бақамын.
— Мен, секендеген қоянмын.
— Мен, түлкімін.
— Ал сен кімсің?

Деп сұрайды
— Мен, сұр қасқырмын.
— Кел, бізбен тұр! Енді олар бесеу болады.
Барлығы көңілді өмір сүріпті, ән айтыпты. Бір күні қорбандаған аю үйшіктен шыққан

	дауыстарды естіп, тоқтап айқайға салады: — Үйшік-үйшік! Кім үйшікте тұрады? — Мен, шиқылдауық тышқанмын. — Мен, бақылдаған бақамын. — Мен, секеңдеген қоянмын. — Мен, түлкімін. — Мен, сұр қасқырмын. — Ал сен кімсің? - деп барлығы сұрайды. — Мен, қорбаңдаған аюмын. — Кел, бізге! деп барлығы аюды шақырады. - Шақырғандарына қуанған аю үйшікке кірейін-кірейін деп, кіре алмайды. Сонда аю ендеше: — Мен, шатырда тұрайын. — Бізді басып қаласың. — Жоқ, қорықпаңдар. — Жарайды, шық дейді барлығы. Аю отыра қалғанда үй: «тарс» — етіп құлады. Үйшіктен аман-есен: тышқан, бақа, қоян, түлкі, қасқыр қашып шығыптыты. Барлығы бірігіп бөрене тасып, тақтай аралап үлкен үй салуға кірісті. - Балалар осымен ертегіміз аяқталды. - Ал, балалар, ендеше сендерде шаршаған шығарсыңдар келіңдер бәріміз бірге ойын ойнайық Ойын: Балалар ормандағы аңдардың жүрістерін салайықшы музыка әуенімен. <i>Қоян қалай жүреді.</i> <i>Қасқыр қалай жүреді,</i> <i>Аю қалай жүреді.</i> <i>Түлкі қалай жүреді.</i> Алдар көсе: - Ой, жарайсыңдар, балалар, менің әкелген ертегім сендерге ұнаған сияқты солай ма? - Ендеше мен сендерге ертегі кітаптарды естелік ретінде сыйға тартамын. - Алдар көсе, сіздің сыйлығыңызға рахмет! Алдар көсе: -Балалар маған ертегі ұнады. - Ендеше мен сіздермен қоштасайын. -Сау болыңдар!	Балалар қиымыл қозғалыспен жасайды. -Ұнады - Сау болыңыз!
--	---	--

Іс-әрекеттің бағалау кезеңі	- Балалар, сендерге "Үйшік" ертегісі ұнады ма? - Қандай кейіпкерлер кездесті? - Аю келіп үйшікті не істеді? - Барлығы бірігіп не салды? - Балалар кім келді қонаққа? - Алдар көсе бізге не алып келді, сендерге не сыйлады? -Балалар, бүгінгі ашық ұйымдастырылған оқу – қызметіміз аяқталды. - Ендеше қонақтармен қоштасайық!	-Ұнады -Тышқан, бақа, түлкі, қасқыр, аю -Үйді бұзды -Алдар көсе келді. Ертегі кітап. Сау болыңыз!
------------------------------------	---	--

Күтілетін нәтиже:

Нені білді:Балалар үстел үсті театр туралы түсінік алды, ертегілер кейіпкерлерін танып, оларды дұрыс ажыратуды білді.

Қандай түсініктерін игерді: ертегіні қызығушылықпен тыңдауды игерді

Меңгерген дағдылары мен іскеліктері: Ертегі кейіпкерлері арқылы балалар татулық, ұйымшылдық, адамгершілік дағдыларын меңгерді.

Білім беру саласы: Қатынас.

Пән: Драма.

Өтпелі тақырып: Деніміз сау болып өсеміз

Тақырыбы: « жалқау үкі» ертегісі

Мақсаттары:

1.Тәрбиелік: Шығарманың мазмұны арқылы еңбек сүйгіштікке, жақсы мен жаманды айыра білуге,жалқаулықтан аулақ болуға тәрбиелеу;

2.Дамытушылық: Сұраққа толық жауап бере алу дағдыларын дамыту.

3.Оқыту: Әңгіме айта отырып, рөлмен ойнау,диалог сөздерді мәнеріне келтіре айта білуге үйрету;

Педагогикалық технологиялар: ойын технологиясы

Ресурстармен қамтамасыз ету:үстел үсті театры (ертегі кейіпкерлері)

Билингвалдық компонент: ағайын-родственник, жалқау-ленивый

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы:

I.Ұйымдастырушылық кезеңі

Ойын: «Жақсы-жаман»

Жақсы мен жаман қылықтарды айыра білуге үйрету. Мысалы: үлкенді сыйлау,құстарға тас лақтыру,кішіге көмек беру,ойыншықты сындыру, ұқыпты болу, жалқау болу.

Саусақ жаттықтыру ойын №16

II. Негізгі бөлімі

1.Ертегі оқу:

Жалқаулық ол жаман әдет.

«Үш жалқау» ертегісін мәнерлеп оқып беру.

2.Сөздік жұмыс: ағайынды-бір үйдің балалары, мәуелі ағаш-жемісті ағаш.

3.Сұрақтармен жұмыс:

Ертегі мазмұны бойыша сұрақтар қояды:

- Ертегі кімдер туралы?
- Бірінші ағайынды не деді?
- Екіншісі ше?
- Ал үшінші ағайынды не деді?

- Жеміс ауызға өзі келіп түсуі мүмкін бе?
- Осындай жалқау болуға болама?

4. Артикуляциялық жаттығулар:

Ернімізді кеңінен ашып, жұмылған тісті (тіске тісті тигізу) көрсетеміз. Содан соң бастықы қалыпқа келеміз.

Фонематикалық есту қабілетін дамыту үшін арналған ойындар №11

Үстел үсті театр:

Енді осы ертегіні үстел үсті театр құралдарын пайдаланып ойнап көрсетуді ұсынады.

Шымылдық құрылып, көрермендердің өз орындарына отыруларын қадағалайды.

Қойылым барысында көмек, нұсқаулар беріледі.

III. Қорытынды

Ертегі бойынша балаларға сұрақтар қоя отырып қорытындылау.

-Балалар біз сендермен бүгін қандай ертегіні оқыдық?

-Бұл ертегінің киіпкерлерін атандар?

Мақал-мәтел: Жалқау жатып ішер, отырып ұйықтар.

Жалқаудың жаны тәтті,

Еңбектің наны тәтті

Білім беру саласы: «Коммуникация»

Ұйымдастырылған ашық оқу қызметінің түрі: Драма.

Тақырыбы: «Кім күшті».ертегісі.

Мақсаты: Балаларды әдеби кейіпкерлерді дене пластикасы, ым, мимика, дауыс күшін өзгертіп, түрлі интонацияда дыбыстауды қалыптастыру, ертегі желісін ретімен орындауға баулу.

Көрнекілік:Ертегі кейіпкерлерінің маскалары .Суреттер, компьютер. интерактивті тақта.

Әдіс тәсілі: ойын технологиясы , түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап.

Іс - әрекет Кезеңдері Тәрбиешінің іс-әрекеті Балалардың іс-әрекеті

Мотивациялық

қозғаушы

Іздену –

ұйымдастырушы

Сәлемдесу. Шаттық шеңбері: Өсеміз біз күліп-ойнап, Он саусақтың саласындай. Өсеміз біз күліп-ойнап, Бір адамның баласындай. Таңғажайып сәт: Аяла-Бауырсақ. -Атамнанда қаштым, -Апамнанда қаштым, Диана-Түлкі. Ол мененде қашты. Достар біз сендерге хат әкелдік. -Балалар,бұл кейіпкерлер қай ертегіде ойнайды білесіңдер ме? Дұрыс айтасыңдар бұл кейіпкерлер бауырсақ ертегісінде ойнайды. Ертегі –дегеніміз қиял мен өмірден алынған. Бүгін мен сендерге жұмбақ жасырамын. Жұмбақтар. 1.Көлге жапқан қақпақ Сіресіп тұр,қатты ақ (мұз) 2.Мысықтан бұл қорқады Бұдан піл қорқады (тышқан) 3.Қылдай белі бүгілген Өзінен де жүгі үлкен (құмырсқа) 4.Көтеріліп теңізден Аспанға биік барамын Биіктен қайта түскенде Өңі кірер даланың (жаңбыр) 5.Аласа ғана бойы бар Айналдырып киген тоны бар (қой) Шаттық шеңберін орындайды. Тәрбиешімен бірге қайталайды Бауырсақ пен түлкі ішке жүгіріп келеді. -Аяла-Бауырсақ. -Атамнанда қаштым, -Апамнанда қаштым, -Диана-Түлкі. -Ол мененде қашты. Достар біз сендерге хат әкелдік. Ия.Бауырсақ ертегісенде Аяла-бауырсақ Диана-түлкі мұз тышқан құмырсқа жаңбыр қой

Сергіту сәті: Осы жұмбақтың жауабындағы кейіпкерлер қай ертегіде ойнайды білесіңдер ма? Ой жарайсыңдар! Дұрыс айтасыңдар. Балалар бүгін біз ұйымдастырылған ашық оқу қызметінің тақырыбын таптық. Ол «Кім күшті»екенін табу. «Кім күшті»ертегісін сахналаймыз. Ерте-ерте ерте екен . Ешкі жүні бөрте екен. Қырғауыл жүні қызыл екен. Құйрық жүні ұзын екен. Қырғауылы қырқылдап. Мұзға барып қонған екен. Жамбасы ауырып қалған екен, Сонда мұздан сұрапты: Мұз,мұз сен неден күшті болдың? -Мен күшті болсам, бауырымды жаңбырға тескізбес едім. Жаңбыр,жаңбыр сен неден күшті болдың? - Мен күшті болсам, жерге жұтқызар ма едім. Жер,жер сен неден күшті болдың? -Мен күшті болсам, Бауырымды көк шөпке тестіrmес едім. Көк шөп,көк шөп сен неден күшті болдың? -Мен күшті болсам,көк тоқты мойнымнан жұлмас еді. Тоқты,тоқты сен неден күшті болдың? -Мен күшті болсам,көк шұнақ қасқырға құйрығымды жұлқытпас едім. Қасқыр,қасқыр сен неден күшті болдың? -Мен күшті болсам,көк мылтыққа құйрығымды ойдырмас едім. Мылтық,мылтық сен неден күшті болдың? -Мен күшті болсам,қоңыр

шолақ тышқанға білтемді қидырмас едім. Тышқан,тышқан сен неден күшті болдың? -Мен күшті болсам,құмырсқаға інімді алдырмас едім. Құмырсқа,құмырсқа сен неден күшті болдың? -Алты батпан ауырды арқалаған күштімін, Жеті батпан ауырды желкелеген күштімін. Ой жарайсың!Ең күштісі сен екенсің. Сергіту сәті: Бала-бала,балапан, Қане қайсы алақан. Саусақтарың әйбат, Былай-былай ойнап. Топ-топ,топ-топ,басайық, Жалаудан күн жасайық. Жаса-жаса алтын күн, Жаса-жаса жарқын күн. . «Кім күшті» Асылын-мұз Нұрдәулет-жаңбыр Ералхан-жер Жібек-көк шөп Гүлназ-тоқты Ернұр-қасқыр Асылжан-мылтық Рабиға-тышқан Айдар-құмырсқа Сергіту сәтін бірге орындайды.

Рефлексивті - коррекциялаушы Дидактикалық ойын: «Күшті аңдарды сомдаймыз» Әр бала өзінің білетін аңдарының дауысын салып сомдап шығады. -Ой,Жарайсыңдар балалар! Барлығың жақсы дыбыстайды екенсіңдер Сұрақ-жауап арқылы қорытындылау Тәрбиеші:Бүгінгі жиыннан алған әсерлерін,көңіл күйлерін,немен айналысқандарын,не үйренгендерін сұрайды. Мақтап-мадақтау

Күтілетін нәтиже:

Қайталай алады: ертегі кейіпкерлерін атай алады.

Түсінеді: Бір-біріне көмектесуді түсінеді.

Қолдана алады:Ертегіні сахналайды.

Тақырыбы: Күшік, мысық, және тышқанның достығы.

Мақсаты: Балаларды мұқият тыңдай білуге үйрету, ертегі мазмұнын түсіндіру. Үй жануарларының қалай дыбыстайтынын, оның атын ажырата айта білуге үйрету. Кейіпкерлердің әр түрлі іс - әрекет үстінде көріну өзгешелігіне қызыға назар аударуға дағдыландыру.

Баланың ойлау, қабылдау, таным, көру, есту қабілеттерін дамыту.

Балаларды татулыққа, бірлікке, достыққа, адамгершілікке имандылық тәрбиесін қалыптастыру.

Көрнекі құралдар: Ертегі кейіпкерлерінің тоқылған бейнесі. Доп.

Ертегі мазмұнын саусақ театры арқылы әңгімелеу.

Күшік: «Ав - ав» мен күшікпін,

Күшікпін күшікпін

Түні бойы жатпаймын,

Тыныштықты сақтаймын. «Ав - ав»

Ой - ой аяғым, аяғым, аяғым - ай,

Мысық: «Мияу - мияу» бұл кім, кімсің? А күшік екенсің ғой, не болды? соншама айқайлап.

Күшік: «Ав - ав» мысық мен аулада ойнап жүргенімде аяғыма ағаш кіріп кетті, мені құтқаршы аяғым ауырып тұр.

«Ав - ав» жалынамын.

Мысық: Жоқ мен сенен қорқамын, сен мені күнде қуасың. Аяғыңдағы ағашты алып сені құтқарсам мені қуа жөнелесің, одан да солай отыра бер. Мен еркін ойнаймын ля - ля - ля мияу – мияу.

Күшік: Мысық кешірші енді мен саған тиіспеймін, мені құтқаршы, «Ав - ав».

Мысық: жарайды онда мен сені құтқарайын.

Күшік: Рахмет! Енді екеуміз дос болайық, бірге доп ойнайық, мен саған тиіспеймін.

Мысық: «Мияу - мияу» кел екеуміз ойнайықшы менде доп бар.

Добым менің, добым менің.

Өзің неткен көңілді едің,

Зымырайсың, зуылдайсың.

Бірақ бізден құтылмайсың.

Мысық: «Мияу - мияу» мен шаршап кеттім қайтайықшы.

«Күшік» «Ав - ав» онда біздің үйге добыңды ала жүр бірге ойнайық.

Мысық: «Ля - ля - ля - ля» (әндетіп екеуі күшіктің үйіне барады.)

Мысық: Ой, үйің қандай әдемі, жайлы керемет екен.

(сол кезде тесіктен тышқан шыға келеді)

Мына тышқан қайдан шықты?, тоқта мен сені ұстап аламын да жеп қоямын. А, бәлем ұсталдың ба?

Күшік: Мысық, жіберші тышқанды, ол да қонақ мен де саған тиіспеймін ғой, дос болыңдар.

Мысық: Жарайды күшік, мен енді тышқанға тиіспеймін.

Тышқан: «Шиқ - шиқ» рахмет күшік, мен қатты қорқып кеттім. Ендігі жерде бәріміз дос болайық. (Тышқан мен мысық қол алысады. Барлығы қосылып ән айтады.)

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы.

Білім беру саласы: «Денсаулық»

Тақырыбы: . Орман дәрігері

Мақсаты: Денсаулық туралы ғылым-«Валеология» жөнінде түсінік беру. Балаларды «Амансың ба?», «Саумысың?» деген сөздердің мағынасы жөнінде білімдерін бекіту. Дәрігер Салауатпен әліппе дәптерімен таныстыру.

Алдын-ала жұмыс:бір-біріне жылы сөздер айтады

Сөздік жұмыс:валеология,табиғат,бақыт.

Қөрнекілік құрал:суреттер

Іс-әрікет	Тәрбиешінің басқарымдық іс-әрікеті	Балалардың іс-әрікеті
I кезең- мотивациялық қозғаушы	Жылулық шеңбері. Армысын ба, Алтын күн Армысын ба, Жер Ана! Армысын ба, достарым! Сендерді көрсем қуанам. -Санжар, «бақыт» деген не? -Ал, табиғат адамға керек пе?	Шеңбер құрып, көңілді болады. Балалар терезенің алдына жақына отырып қолдарын беттерін күннің шуағының жылуымен жылытады. -Бақыт деген менің отбасым. -табиғатсыз өмір жоқ.
II кезең- Ұйымдастырушылық кезеңі	Балалардан мен ата-аналары, жақын адамдары ұйқысынан оянған кезде; өздері балабақшаға немесе мектепке келгенде, сол сияқты достары мен таныстарын көшеде, автобуста көрген сәтте қандай сөз айтатындары жөнінде сұрап, әңгіме жүргізеді. Балаларға «Сәлеметсің бе?! Амансың ба?! Саумысың?!» деген сөздері ғажайып сөздер ретінде түсіндіре отырып: «Неліктен олай деп ойлайсындар?» деген сұраққа жауап алынады. « Амансың ба? » деген сөз-бұл басқа адамға саулық, ұзақ өмір тілеу деген мағынаны білдіреді. Біз кездескенде амандасып, бір-бірімізге денсаулық тіледік. «Денсаулық дегеніміз не?» Әңгімелесеу. «Денсаулық» деген сөз – деніңнің саулығы деген мағынаны білдіреді. Деніңнің – ауру-сырқаудан аман, қайратты, жігерлі, көңілдің көтеріңкі болуының өзі денсаулықтың белгісі. Дене мүшелерінің, ішкі ағзаларының бірінің ауруы себепті адамның денсаулығы нашарлап, көңіл-күйі бәсеңсиді, сондықтан олардың еш нәрсеге зауқы болмайды. Ендеше, «Денсаулық – зор байлық» деп халқымыз айтқандай, оны ешнәрсеге тенгеуге болмайды, адамдар бір-біріне	Автобуста, үйде, балабақшада жақын адамына айтатын жылы сөздерін білдіреді. Балалар«Сәлеметсің бе?! Амансың ба?! Саумысың?!» деген сөздері ғажайып сөздер ретінде түсінік алады. Балалар дөңгелене тұрып алдымен – бір-бірімен, содан кейін педагогпен амандасады.

	бірінші денсаулық тілейтінінің себебі, міне, осында. Әліппе дәптерімен танысу. Валеология-бұл денсаулық туралы ғылым, ол бізді ақылды, көңілді дені сау және ақ көңіл бала болып өсуге баулиды. Ең бастысы – ол бізді ауырмай өмір сүруге үйретеді. Таңғажайып «Валеология» әлеміне бармас бұрын, біз алдымен ерекше Дәрігер Салауат өздеріңмен танысуға міндетті түрде келмек, бірақ әзірше ол бізге кереметтей сыйлық беріп жіберіпті. Ол сыйлық – біздің «Валеология» әлеміне таңғажайып қызықты саяхаттар жасауымыз үшін негізгі басты көмекшіміз болатын – ғажайып денсаулық әліппесі. Әліппе дәптерімен жұмыс. Орман дәрігері деген кім және оның Дәрігер Салауаттан қандай айырмашылығы бар? – деген сұрақтар бойынша салыстырмалы әңгіме өткізіледі. Орман дәрігер жануарларды, яғни олардың ауруын емдейді. Дәрігер Салауат – сымбатты, ұзын бойлы, тік денелі, спорттық дене бітімді дәрігер. Дәрігер Салауат ауруларды емдемей, тек адамдарды ауырмай өмір сүруге баулиды. Ол – спорт құралдарын өзіне серік деп санайды. Дәрігер Салауат – «Валеология» еліндегі басты тұлға. Ол бізді денсаулық туралы білім алуға және дұрыс, салауатты өмір сүруге жетелейді. Мақал-мәтел 1.Денсаулық – зор байлық. 2.Дені саудың – жаны сау. 3.Сау дене, азат ақыл, адал көңіл. Үшеуімен бақытты болар өмір.	Денсаулық сөзінің мағанасын ашады. Валеология әліппе дәптерімен танысады. Әліппе дәптеріндегі кеңеспен танысады. Дәрігер Салауатты сипаттайды. Балалар К. Чуковскийдің «Орман дәрігер» (Айболит) ертегісінің мазмұны бойынша бейнеленген суреттерді көреді. Мақал-мәтелді қайталайды.
III кезең-рефлексивті түзетуші.	Балалар бүгін сабақта не туралы айтылды? Ұнаған кезені болды ма? Қандай түсінік алдың? Сұрақ-жауап арқылы сабақты бекіту.Сабаққа белсене қатысқан балаларды мақтау-мадақтау.	Қойылған сұрақтарға балалар өз ойларын білдіреді.

Күту нәтижесі:

Ұғынады: Валеология жөнінде түсінік алу.

Түсінеді: Амансың ба?!,Саумысың?! Деген сөздердің мағанасын білу

Қолданады: Дәрігер Салауатты білу.

Білім беру саласы: «Шығармашылық»

Тақырыбы; Балапан ертегісі

Мақсаты: Бір заттан екі зат шығаруға үйрету. Түстерді ажыратуға баулу, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Алдын – ала жұмыс және оқу іс – әрекетіне дайындық: Құстар туралы түсінік

Сөздік жұмыс: Балапан, құстар,

Дидактикалық құралдар: Құстар туралы суреттер

Билингвалдық компоненті: Балапан - цеппенок

Іс-әрекет кезеңдері	Педагогтың басқарымдық қызметі	Балалардың әрекеттері
I кезең мотивациялық-қозғаушы	Балалар жылдың қай мезгілі? Күз мезгілінің ерешеліктері неде? Қандай өзгерістер болып жатыр? Күз мезгілінде неше ай бар? Қазыр күз мезгілінің нешінші айы? Күз мезгілінде нелер піседі?	Қойылған сұрақтарға жауап береді, күз мезгілінде күн суытып жапырақтардың түстері өзгертіндері жайында айтып береді. Күз мезгілінің айларын атап айтып береді.
II кезең проблемалық ізденушілік	Балалар сендер қандай үйқұстарын білесіңдер? Тақтада қандай құстар бейнеленген? Дұрыс айтасыңдар тауық, үйрек, қаз олардың бәрін үй құстары деп атаймыз. Құстардың балапандары болады. Сергіту сәті Бүгін біз сендермен балапан суретін саламыз. Қылқаламды дұрыс ұстап, түстерді таңдап балапан суретін саламыз.	Қойылған сұрақтарға жауап береді. Үй құстары туралы өз ойларын білдіреді. Көкке бойын созады Көпке қолын созады Кең құшағын ашады Көлеңкесін тосады Көк қарағай, қарағай, Мейірбанды анадай! Тапсырманы орындайды, тәрбиешінің көмегі арқылы.
III Рефлексивтік-түзетуші.	Балалар бүгін біз ненің суретін салдық? Үй құстарын кім атап береді? Құстардың бізге тиер пайдасы қандай?	Қойылған сұрақтарға жауап беру арқылы , оқу – іс әрекетін қорытындылайды.

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: Құстар туралы түсінік

Түсінеді: Балапанын дене құрылысы туралы түсінік

Қолданады: Балап суретін салу

Білім беру саласы: Коммуникация

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Көркем әдебиет

Тақырыбы: «Қасқыр мен жеті лақ»

Мақсаты: Балаларға ертегі мазмұнын түсіндіру арқылы жаман мен жақсыны айыра білуге үйрету.

«Қасқыр мен жеті лақ» ертегісін естеріне түсіру. Тіл байлықтарын молайту, ертегінің мазмұнын дауыс ырғағын келтіре айтуға жаттықтыру. Қиын кезде достарына көмектесе білуге тәрбиелеу.

Қажетті көрнекі құралдар: суреттер, хрестоматия.

Қостілділік компонент: қасқыр-волк, лақтар-козлят.

Оқу қызметінің кезендері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Ұйымдастыру кезеңі. Балалар шеңбер бойына тұрып, педагогпен бірге төмендегі өлең жолдарын қайталайды. Арым таза, ақ көңіл, Адамдыққа сенемін. Абыройлы, ақ ниет, Адалдыққа сенемін.	Шеңбер бойына тұрып орындайды. Арым таза, ақ көңіл, Адамдыққа сенемін. Абыройлы, ақ ниет, Адалдыққа сенемін.
Ұйымдастырушылық – ізденістік	Кіріспе әңгіме. -Балалар, сендер қандай ертегілер білесіңдер? -Ертегі оқыған сендерге ұнайды ма? -Ертегіні оқып беру, сурет арқылы мазмұнын ашу. -Ешкі мен лақтар қайда тұрады? -Ешкі тоғайға не үшін барады? -Ешкі тоғайға кеткенде кім келді? -Лақтар қасқырға есікті неге ашпады?	Балалардың жауабы: -Шұбар тауық, Шалқан, Арыстан мен тышқан. Ұнайды. Мұқият тыңдайды. -Ешкі жеті лағымен бірге тұрады. -Ауылдың шетінде. Шөп жеп қарнын тойғызып сүт, шөп алып келу үшін. -Қасқыр келеді. -Даусы жуан, аналарының даусына ұқсамайды.
Рефлексия-лық - түзетушілік	Қорытындылау. Ертегіні екі топқа бөлініп сахналауды ұйымдастыру.	Ертегіні сахналайды. Үстел үсті театры арқылы айтып береді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ертегінің мазмұны мен жан-жануарлардың атауларын;

Игереді: мейірімділік, қайырымдылық қасиеттерін;

Меңгереді: шығарманы зейін қойып тыңдауды.

Ортаңғы топтардың ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Жапсыру

Тақырыбы: «Қу түлкі»

Мақсаты: жабайы аңдар туралы түсінік беру. Бірнеше бөліктерден бейнелерді суреттеуге баулу. Түстерді тану, білімін тексеру. Саусақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру.

Қажетті құрал жабдықтар: үлгі, қылқалам, желім, түрлі қағаздар.

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек: жанурлар түрін

Игеруі керек: пішіндерден мүсінін жапсыруды;

Үйрену керек: қылқаламмен желім жапсыру тәсілдерін.

Бейнелеу маманы: Куттумурадова Г

Іс-әрекет кезеңдері Тәрбиешінің әрекеті Балалардың әрекеті

Мотивациялық -

қозғалыстық

Шаттық шеңбері Балаларды шеңберге тұрғызып, бір біріне гүлді бере отырып, жылы сөздер айтуға ұсынады. Балалар қуаныш сезіммен шаттық шеңберді орындайды.

Ұйымдастырушылық-

оятушылық «Енелері мен төлдері» ойыны Жабайы аңдар бейнеленген карточкаларды көрсетеді, олардың төлдерінің аттаулары қалай аталатынын сұрайды. Мысалы:қоян көжек. Үлестірмелі суретке назарларын аудартады. Түлкінің денесінің түсі қандай? Жасалу жолдарының реттілігі. Үлкен үшбұрышты шаршыдан, қиып аламыз. Үлкен үш бұрыштан денесін жасаймыз. Бұдан кішірек үшбұрышты алып, түлкінің басын жасаймыз. Енді құлақтарын желімдейміз. Түлкіміз қандай көңілді болып шықты! Сергіту жаттығуы. Қыстың күні ызғарлы, Жел соғады, қар жауып, Қоян ағаш түбінде, Отырады бүрісіп, Қу түлкі де ықтайды, Жасырынып бораннан, Боранның ашуы басылып, Шуақтарын шашты Күн. Қоян да жүр сексектеп, Шықты ортаға түлкі де, Бізде енді жүрейік, Орнымызға келейік. Қауіпсіздік техникасын еске түсіреді. Ойынға белсене қатысады. Сұрақтарға жауап береді. Жасалу реттілігімен танысады. Бөліктер арқылы жұмы

Білім беру саласы:Шығармашылық

Бөлімі:Театр

Тақырыбы: «Ақ тиін мен қасқыр»(Сахналау)

Мақсаты: Байланыстырып сөйлеуі арттыру. Мазмұнын әңгімелеуге, рөлде ойнауларын жетілдіру. Ойнау шеберлігін дамыту.

Көрнекілік:Ақ тиін мен қасқырдың атрибуты.

Іс-әрек-т кезең-і Тәрбиешінің іс-әрекеті Балалардың іс-әрекеті

Мотивациялық қозғау

шылық Амансың ба, Аспан -Ата! Амансың ба,Жер-Ана! Амансыңдар ма,достарым!
Сендерді көрсем қуанам. Балалар бір – біріне көтеріңкі көңіл күй сыйлайды

Ұйымдас- тырушылық

Рефле-қ ізденістік

түзетушілік -Балалар,бүгін біз «Ақ тиін мен қасқыр» ертегісімен танысамыз, сахналаймыз.
-Ақ тиін бұтақтан –бұтаққа секіріп жүріп,ұйықтап жатқан қасқырдың үстіне құлайды.Қасқыр қарғып тұрып,оны жегісі келеді. Тиін: Жалынып,-мені жеме,жібер.
Қасқыр:-Жарайды,жіберемін,бірақ сен маған айт!Неліктен сендер әр уақытта шаттанып жүресіңдер? Тиін:-Мені жіберіңіз,сонан соң айтайын,сонан соң айтайын,әйтпесе жүрегім алқынып,сөйлей алатын емеспін. -Қасқыр ақ тиінді босатады.Ақ тиін ағаш басына шығып алып: Тиін:Сен,қасқыр,залымсың,заымдық ішінді жандырады,сондықтан әрқшан қапалы жүресің.Біз ешкімге жауыздық істемейміз,сол үшін де әр уақытта шаттанып жүреміз. - Міне,балалар көңілді жарқын жүресің,бұл көңіл-күй адамдарға да,жануарларға қуаныш сыйлайды.Бір жұмбақ жасырамын. Жаңғақ жауған орманда,күндіз қорек айырып, Жатады кеш болғанда,өз құйрығын жамылып. Белестен шапқан бесті ат,Бүкір келген жемісті ат. Бейғам елді іздейді.Малдан күдер үзбейді. -Ертегі қалай аталады? -Қандай ертегі кейіпкерлері бар? -Қай кейіпкер ұнады? -Қасқыр қандай аң? -Енді ертегіні бірге сахналайық. Мұқият тыңдайды. Ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін бақылайды. Жұмбақтардың шешуін табады. -Тиін -Қасқыр Балалардың жауаптары

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: қулықтан құтылудың түрлі әдістерін жасауды;

Игеруі тиіс: мазмұнын әңгімелеуге, рөлде ойнауды жетілдіруді;

Меңгеру керек: ертегіні кейіпкерлердің іс-қимылын келтіре сахналауды.

Білім беру саласы: «Әлеуметтік орта»

Бөлімі: Қоршаған ортамен таныстыру

Тақырыбы: «Менің достарым»

Мақсаты: Балаларға «Дос», «Достық» құндылығы туралы түсінік беру. Баланың айналаны өзі танып-білуіне жағдай жасау. Қоршаған ортада, достарының арасында, мәдени орындарда, үйде өзін ұстауды, өзара сыйластыққа, бір-біріне көмек көрсетуге, бір-бірін қолдауға, қамқорлық жасауға баулу. Достаса білуге, татулыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: құрметтеу, өкпелетпеу, ренжітпеу

Керекті құралдар: ұнтаспа, ойыншық спанчбоб, ноутбук, сіріңке шилері, саусақ театры

Әрекет кезеңдері Тәрбиешінің әрекеті Балалардың әрекеті

Мотивациялық-

қозғаушылық Шаттық шеңбері: «Достық» шеңбері» 01-«Г»-№15 -Балалар, бүгін күн қандай керемет! Біз топта бәріміз бірге тұрамыз. Бізді бір отбасы деп те атауға болады. Мен сендерді қуанышты шеңбер құруға шақырамын Достығымызды білдіріп, үлкен шеңбер құрайық. -Шеңберіміз неге ұқсайды? -Дұрыс айтасындар. «Дөңгелек» татулық- тың белгісі, олай болса осы қуанышты көңіл-күйімізбен атқан таңмен, бір-бірімізбен келген қонақтармен амандасайық. Амандасу: Бәрі бірге айтады. Мұқият тыңдап қызығушылық білдіреді. Шеңбер жасап тұрады. Дөңгелекке, допқа, күнге ұқсайды. Қайырлы таң! Ормандар мен қалалар! Қайырлы таң! Достасқан бәр балалар! Қайырлы таң! Біздің балабақшамыз! Қайырлы таң! Жора- жолдас, ұл мен қыз! Қайырлы таң! Мында келген апайлар! Бәріміз тату болайық!

Ұйымдастыру-іздістіру Өңгімелесу Енді жайғасып отырындар. -Балалар, бүгін біз жанымызға, жүрегімізге жақын достарымыз туралы, татулық туралы өңгімелесеміз. Сұрақтар қояды: -Балалар, сендерге жалғыз ойнаған ұнайды ма? -Неге? -Ал, кіммен біз ойнаймыз? -Дос дегенді қалай түсінесіңдер? -Дұрыс, бәріміз осылайша дос болып өмір сүреді екенбіз, бір-бірімізді ренжітпейміз Жарайсындар, балалар, сендер ақылды, адал дос екенсіңдер. (Осы кезде есік қағылады, тәрбиеші топқа ойыншық Спанчбобты кіргізеді) -Сәлеметсіңбе, Спанчбоб! Сен неге көңілсізсің? Мұқият тыңдайды, қызығушылық танытады. Қойылған сұрақтарды мұқият тыңдап, жауап береді. Жалғыз ойнаған ұнамайды. Өйткені жалғыз ойнаған көңілсіз. Достарымызбен ойнаймыз. Достар бірін-бірі ренжітпеу керек, ойыншықтармен, тәттілерімен бөлісу, тату-тәтті ойнау, бір-біріне көмектесу, өтірік айтпау, алдамау керек Қуана қарсы алады, амандасады.қызығушылық танытады. Мені достарым тастап кетті, мен жалғызбын, не істерімді білмеймін.

Сергіту сәті: Өңгімелеу -Балалар, сендер ертегі тыңдағанды ұнатасындар ма? «Тату балалар» ертегісі (саусақ театры) Жалғыз саусақ тіпті де Ұстай алмас жіпті де Екі саусақ бірікті Ине қолға ілікті Үш саусағым орамды Жүгіртеді қаламды Өнерлі екен он саусақ Қала салсақ, жол салсақ. Ертегін қызығушылықпен тыңдайды, сұрақтарға жауап береді.

Тәжірибе жасау Тапсырма: Сіріңкенің бір шиін сындыру, сіріңкенің бірнеше шиін сындырту. -Дұрыс айтасындар, жалғыз еңбек өнбейді, көпшен, достарыңмен бірге бірнеше істі істеуге болады. Сондықтан сендердің де достарың көп болсын. Ойнайық «Сықырлы көзәйнек» жаттығуы -Қазір мен сендерді «Сықырлы көзәйнек» ойынын ойнауға шақырамын. Бізде сықырлы көзәйнек бар, ол досыңның ең жақсы қасиетін көруге көмектеседі. Міне ол, қараңдаршы. Мен бірінші болып киіп көрейінші. Рақмет. – Сықырлы көзәйнек Айымның досына ойыншықтарын жинауға әрқашан көмектесетінін айтты. Ал енді Өлішпер достарының жақсы қасиеттерін көргісі келіп тұр. -Балалар, сендер достарыңның жақсы қасиеттерін айта білдіңдер. Енді сендер туралы басқа балалар не ойлайды екен, соны тыңдайық. Бейнетаспа көру. Тапсырманы орындайды. Қорытынды жасап айтады. Жалғыз шиді сындырып көреді, сынады, бірнеше ши сынбайды. Адам жалғыз болғаннан гөрі, достарымен мықтырақ болады. деп қорытындылайды. Белсенділік білдіріп, ойынға қатысады. Көтеріңкі көңіл күй көрсетеді. Көзәйнекті киіп достарының жақсы қасиеттерін айтуға тырысты. Менің досым,Әділжан ол балаларды ренжітпейді. Менің досым, Ералы ол балаларға өтірік айтпайды т.б Мұқият тыңдайды.

Рефлексивті-

түзетушілік Қорытындылау: -Балалар, біз не туралы айттық? -Ал, көңіл-күйлерің қалай? Рефлексия Көңіл-күйіміз жақсы ,бүгінгі іс-әрекетіміз ұнады десеңдер қызыл түсті бантты алып қойындар, ұнамаса көк түсті алындар. Достық, татулық, бірлік туралы айттық. Көңіл-күйлеріне қарай банттарды алып тақтаға жапсырды.

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Дос бола білу, достық құндылықтарын білу керек.

Болу керек: Достарына мейірімді бола білу,адал достық жайлы түсініктері қалыптасу керек

Тақырыбы: «Қоянның құлағы неге ұзын?» ертегісі

Мақсаты: Ертегіге деген қызығушылығын арттыру, ертегі кейіпкерлерін таныстыра отырып, сахналық қойылым арқылы балаларды ынталандыру. Әсемдікке, имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу, ортаға бейімдеу, ұжымдыққа енгізу, ұялшақтықты жою, эстетикалық талғамын арттыру.
Керекті құралдар: кейіпкерлер костюмдері, қоянның үйі, дастархан, әуендер, қасқыр, аю, түлкі, тиін, кірпі, бұқа сыйлықтары.

Жүру барысы: Балалар шеңберге тұрып, ертегілер әуеніне би билейді.

Слайд арқылы таныс ертегілерді естеріне түсіреді, кейіпкерлерін атайды.

(алдар көсе, түлкі мен тырна, жеті лақ, жыл басына таласқан хайуанаттар, үйшік, түлкі мен қоян. т.б.)

Дидактикалық ойын: «Қай ертегі?»

Мақсаты: таныс ертегі әуендерін ажырату, ертегілерді айта білу.

- Олай болса, балалар «Қоянның құлағы неге ұзын?» ертегісін тамашалаңдар.

Рөлдерде:

Автор - Томирис.

Қоян - Диана.

Түлкі - Әдемі.

Қасқыр - Амандық.

Аю - Аманат.

Кірпі - Сания.

Тиіндер - Аміржан, Аділхан.

Маймылдар - Камила, Ақжан.

Бұқа - Ерасыл.

Ертегі: «Қоянның құлағы неге ұзын?»

Автор: Ерте, ерте, ертеде орман патшалығында бір әдемі аппақ қоян өмір сүріпті. Ол өзінің достарын туған күніне шақырмақ болады. Ол үй ішін түрлі ағаш жапырақтары мен әдемі хош иісті гүлдер мен безендіріпті.

Қоян:- Мына жапырақтар мен гүлдердің иісін ай, тамаша!- деп айналып билеп жүреді.

Автор: - Үнемі іш бауырына кіретін түлкі, сөзге шорқақ болса да салмақты қасқыр, аздап сөйлейтін аю және тағы басқада аңдардың келетін уақыты да болып қалды, деп әндетіп дастархан үстін безендіріп жүреді.

Сәлден соң есік сықыры естіледі.

Түлкі:- Ақ қоян, ақ қоян туған күнің құтты болсын! Мына сыйлығымды қабыл ал, - деп бөлме гүлін сыйға тартады.

Қоян:- Рахмет, рахмет, түлкі досым, төрлет дастарханға отыр, - деп дастарханға жайғастырады.

Түлкі:- үйің қандай жылы, әдемі безендірілген, мына гүлдерді өзің өсірдің бе?

Қоян:- ия, ия, гүлдерді мен күні бойы балаша баптап өсірем, уақытымен суарам, түптерін қопсытамын, топырақтарын ауыстырам. Гүл өсіру құпиясын білемін, - деп мақтана бастайды.

Сәлден соң есік соғылып қасқыр келеді.

Қасқыр:- Аппақ қоян туған күнің құтты болсын! Әрқашан бетіңнен күлкі кетпесін! Мына сыйлықты қабыл ал, - деп бір шоқ гүл ұсынады.

Қоян:- Рахмет, рахмет - деп қуанып билеп жүріп, гүлдерді құмыраға орналастырады.

Отырып барлығы шай ішеді.

Есік соғып, тиіндер келеді.

Тиіндер:- көрші қоян досым, туған күнің құтты болсын!

Жаңа сөздер: Жүзбе қанат, желбезек, қабыршықтар,

Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық Қозғаушылық	Ұ.О.Қ-де оң көңіл күй орнату. Достармен бірге жүреміз Бірге ойнаймыз Күлеміз. Бірге балық аулаймыз Міне біздер қандаймыз. Бөлінбейді іргеміз, Әрқашан біз біргеміз. Жарайсыңдар балалар орындарыңа отыра қойыңдар. Балалар қазір біз «Кім епті?» деген ойын ойнасақ, ойнағыларың келе ме? (Ойын шарты түсіндіріледі) - Балалар менің қолымдағы не деп ойлайсыңдар? - Қармақпен не істеуге болады? - Жарайсыңдар балалар! Бұл жәй қармақ емес, сиқырлы қармақ. Осы қармақпен балық аулап көреміз бе? Олай болса теңізге саяхатқа шығамыз.	Балалар шаттық шеңберін құрып тәрбиешімен бірге қайталайды. -Ия -Бұл-қармақ. -Балық аулауға болады.
Ұйымдастырушылық Ізденушілік	- Қане Рамазан келе ғой. Теңізден балық аулап көрейік. Балалар қараңдаршы Рамазанның қармағына бір балық түсіпті, ол қандай балық болады екен? Балалар, бұл-шортан балық. Қандай балық екен? (Магнитті қармақпен балалар біртіндеп балықтарды аулайды. Аулаған балықтардың аттарын қайталап айтқызу.) Жарайсыңдар, балалар, енді аулаған балықтартарына назар аударайықшы. Сендер балықтардың аттарын білдіңдер. Балалар, балықтар қайда тіршілік етеді? - Дұрыс айтыңдар. Негізінде балықтардың түрлері өте көп. - Балалар, балықтардың дене бітімі қандай пішінге ұқсайды екен? - Балықтың мынау несі - Басында желбезегі болады. (көрсету, қайталату) Несі болады екен? Олар осы желбезегі арқылы дем алады. Ал денесінде нелері бар екен?	-Ия -Шортан - Суда.

Ұйымдастырушылық ізденушілік	Дұрыс айтасындар. Ал денесіне жалғасқан мынау не екен?	- Сопақша.
	Денесінің арқасындағы, жүзбе қанаттары. (қайталату)	
	Осы жүзбе қанаттары арқылы суда еркін жүзе алады.	- Басы.
	- Балалар балықтарды адамдар не үшін пайдаланады? Қандай тағамдар жасауға болады?	
	Дұрыс айтасындар балықтан әр түрлі тағамдар пісіруге болады екен.	Желбезегі
	- Балалар, тағам ретінде пайдаланбайтын, әсемдікке үйде асырайтын балықтардың түрлері де болады екен. Сондай балықтарды көргілерің келе ме?	
	- Ендеше сондай тірі балықтарды көз алдымызға елестетіп көрейікші.	Қабыршықтары.
	(Балалар көздерін жұмады, сол кезде аквариумды ашу)	Құйрығы
	Балалар, көзімізді ашып қарайықшы, суда жүзіп жүрген нелерді көріп тұрмыз?	
	- Балықтар қандай ыдыстың ішінде жүзіп жүр екен?	
	- Бұл шыны ыдыс «Аквариум» деп аталады.	
	- Акварумдағы балықтар бағана өзіміз аулаған балықтарға ұқсай ма?	Тағам ретінде
	- Балалар, акварумдағы балықтардың түрлері қандай екен?	Балық сорпасын Катлет
	- Мына үлкен балықтың түсі қандай?	Қуырып жеуге болады
	- Бұл балық «Алтын балық» деп аталады.	
	Тағы қандай балықтар көріп тұрмыз?	
	Түсі қандай?	
	- Неше балық бар екен?	
	- Аквариумда басқа тағы нелер көріп тұрмыз?	- Ия көргіміз келеді.
	- Дұрыс айтасындар.	
	- Балалар, бұлардың барлығы не үшін қажет?	
	- Сонымен қатар балықтарға да қажеті бар. Олар бұтақтардың арасына кіріп тығылады, жем іздейді. Аквариум техникалық құралдармен де жабдықталған. Онда суды арнайы жылытатын ауа жіберетін, жарық түсіретін құралдар бар. Аквариумдағы балықтар үнемі адамдардың камқорлығында болады. Балалар, қалай ойлайсындар балықтардың қарны ашпас үшін оларға не керек?	- Балықтарды
	- Дұрыс айтасындар, әрине тамақ керек. Оларға арнайы дүкендерде сатылатын мынандай қалтадағы жемдерді береміз. Балалар, балықтар тағы не жейді деп ойлайсындар?	- Шыны ыдыста.
	- Жарайсындар! Балалар, аквариумдағы балықтар күніне таңертең кешке екі шымшымнан ғана ас жей алады, одан артық беруге болмайды.	Әр түрлі.
	(Балалармен бірге балықты тамақтандыру)	Қызыл
	- Балалар ертегілерде алтын балық адамдардың тілектерін орындайды екен. Мүмкін біздің де тілегімізді орындап қалар. Біз де алтын балыққа тілегімізді айтып көрсек қалай қарайсындар?	Кішкентай
	- Ендеше орнымызға барып сергіту сәтін жасап алтын	Сары

	балыққа іштей тілегімізді айтып үрлеп жіберейік. Сергіту сәті. Жәй әуенмен балықтар ұқсап жүземіз, сыбырлап іштей тілегімізді айтамыз. Алтын балық естпей жатыр қаттырақ жүзіп тілегімізді үрлеп жіберейік. -Уф,Уф, Уф. Жарайсыңдар, тамаша! Балалар аквариумдағы балықтар сендерге ұнады ма? -Ендеше бүгінгі жапстыру оқу іс-әрекетін пайдалана отырып «Алтын балық» жасайықшы. - Балалар бүгін мен сендерді үш топқа бөлдім, үшеуіне үш түрлі балық жасауды тапсырамын қай топ жақсы жасайды екен. 1-топ Дискімен. 2-топ Бисермен. 3-топ Пішіндермен. Қауіпсіз жұмыс жүргізу ережесі. -Балалар қайшымен жұмыс жасағанда абай болыңдар бір-біріңе қарап сілтімеңдер қиып бола салып алдымызға қоямыз, желімді аузымызға салмаймыз, жұмыс жасағанда досымызға кедергі келтірмейміз. Бір-бірімізге көмектесеміз. (Балалар Алтын балық жасайды) - Жарайсыңдар балалар әр-түрлі әдемі «Алтын балық» жасап шықтыңдар. - Балалар «Алтын балық» біздің тілегімізді естімеген сияқты көне жасаған алтын балықтарыңа дауыстап тілегімізді айтып көріңдер. (Балалар тілектерін айтады). Білімдерін бекіту. «Балықтың қандай дене мүшесі жоқ?» 1-Балықтың басында дем алатын несі болады? 2-Балықтың несі жоқ? 3-Балықтың денесінде нелері бар еді? 4-Балықтың денесіне жалғасқан несі жоқ? Жарайсыңдар.	Тастар, шөптер, - Әдемілікке Тамақ керек. Құрт, шлаушын, жасыл шөп. - Әрине қалаймыз. Балалар балықтар ұқсап жүзеді, тілектерін айтып үрлейді. - Ия ұнады Балалар берілген тапсырманы орындайды. Қауіпсіз ережесін сақтайды. Желбезегі. Көзі. Қабыршығы. Құйрығы.
Рефлексиялық түзетушілік	Балалар, бізде қандай оқу іс-әрекеті болды? - Онда біз нелермен таныстық? - Қандай балықтарды көрдіңдер? - Бүгінгі оқу іс-әрекетімізде не жасадық? - Бүгінгі оқу іс-әрекетіміз ұнады ма? Жарайсыңдар, бүгінгі оқу іс-әрекетіне барлықтарың да жақсы қатыстыңдар.	Жапстыру. Балықтармен. Балық. Ия ұнады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Балалар тірі табиғаттың әсемдігін сезініп, оған қамқор болуды. Балықтардың дене мүшелерін ажырата білді.

Орындады: Балалар өздері Алтын балық жасап шығады

Білім беру саласы: Қатынас

Бөлімі: Көркем әдебиет

Тақырыбы: «Түлкі мен ешкі» ертегісі

Мақсаты: ертегіні оқып беру, әңгімелетуге үйрету.

Міндеттері:

-ертегіні әңгімелету арқылы байланыстырып сөйлеуге үйрету.

- балалардың білетін ертегілерін еске түсіру арқылы тіл байлықтарын, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

-адалдыққа, өтірік айтпауға, бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу.

Алдын ала жұмыс: қуыршақ театрына арналған қуыршақтарды дайындау.

Сөздік жұмыс: түлкішек, апан, құдық, бәле, душар.

Қажетті құрал-жабдықтар: ертегіге байланысты суреттер, жұмыс дәптері, қуыршақ театрына арналған ойыншықтар: түлкі мен ешкі.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Жылулық шеңбері Кіріспе Тәрбиеші жұмбақ жасырады: Өзі бір қу, Жүрген жері айғай-шу. Тақтаға түлкі мен түлкішектер бейнеленген сурет іледі. -Мына суретке қараңдаршы, мұнда не бейнеленген? -Түлкінің баласын қалай атайды? -Түлкішек туралы не айтуға болады, ол қандай? Үлкен бе, әлде кішкентай ма? -Ал түлкі қандай? -Біз түлкі туралы көп ертегі оқығанбыз. Естеріңе түсіріңдерші, қандай ертегілерді білесіңдер? -Өте жақсы. Олай болса мен сендерге бүгін түлкі туралы тағы бір ертегіні оқып беремін.	Жұмбақты шешеді: Түлкі. Түлкі мен оның балалары. Түлкінің баласын түлкішек деп атайды. Түлкішек-кішкентай, әлсіз. Түлкі-үлкен, күшті. «Түлкі мен құмыра», «Арыстан мен түлкі» ертегілерін білеміз.
Ұйымдастыру кезеңі	Жаңа тақырып Тәрбиеші мәнерлеп «Түлкі мен ешкі» ертегісін оқып береді. Мазмұны бойынша сұрақтар қою: -Бұл ертегіде не туралы айтылған? -Ертегіде түлкі қандай болып көрінеді? -Ал, ешкі қандай? -Құдық қандай екен? Сөздік жұмыс «Апан, құдық» сөздерінің мағынасын түсіндіру. Сергіту сәті	Сұрақтарға жауап береді: Түлкі-қу, әдемі, ақылды, епті, жылдам т.б. Ешкі-аңқау, сенгіш, аңғал т.б. Құдық-терең, қараңғы, суық, тар т.б. Ертегіні қайталап тыңдайды. Сөздердің мағынасын түсініп алады.

	Дәптермен жұмыс -Ертегіні тағы да бір рет айтып берейін, сендер дәптердегі суретке қарап отырып тыңдандар, сосын өздерің айтып бересіңдер. Ертегі мәтінін екінші рет оқып беру. Қуыршақ театры Қуыршақ театрына арналған ойыншық жануарларды қолдарына кигізіп, рөлдерді бөліп береді. Автордың сөзін тәрбиеші айтып тұрады. Жұмбақтарды шешіп, шешуін дыбыстық талдау бойынша оқы. «Ешкі» сөзіне дыбыстық талдау жасату Бір балаға тақтада, қалған балаларға орындарында отырып алдарындағы қызыл, көк түсті дөңгелектерді пайдаланып «ешкі» сөзіне дыбыстық талдау жасатады. Сөздегі дыбыстардың орнын әр дыбысқа екпін түсіріп айту арқылы анықтатады. Сөзді қатыстырып сөйлем құратады, сөйлемнің сызбасын жасатады. Тақтаға түлкінің жеке суретін іледі. -«Түлкі» сөзін буынға бөл. -Қанша буын бар? Бірінші буынды ата. Екінші буынды ата. -«Түлкі» сөзінде л дыбысы сөздің қай жерінде келіп тұр? «Түлкі» сөзін қатыстырып сөйлем құра. -Сөйлемде неше сөз бар?	Балалар түлкі мен ешкінің рөлін ойнап, сөздерін дауыс ырғақтарын келтіріп айтады. Дәптердегі тапсырмаларды орындайды. «Ешкі» сөзіне дыбыстық талдау жасап, сөзді қатыстырып сөйлем құрайды, сөйлемнің сызбасын жасайды. Тапсырмаларды орындайды. Түл-кі Түлкі сөзінде 2 буын бар. Түлкі сөзінде «л» дыбысы сөздің ортасында келіп тұр. Түлкі-жабайы аң.
Рефлексивтік-түзетушілік	Қорыту Мақалмен жұмыс -«Өтірікке алданба, басың бәлеге душар болар» деген мақалды қалай түсінесіңдер? Егер балаларға жауап беру қиындық туғызса, тәрбиеші өзі түсіндіріп, сабақты қорытады.	Мақал туралы өз ойларын айтады.
Күтілетін нәтиже:		

Нені білу керек:	«Түлкі мен ешкі» ертегісінің мазмұнын, «апан, құдық» секілді жаңа сөздердің мағынасын.	
Нені игереді:	ертегінің мағынасын, оның мазмұны мен атауы арасындағы өзара байланысты.	
Нені біледі:	ертегінің мазмұны бойынша қойылатын сұрақтарға жауап беруді, ертегі кейіпкерлерінің рөлінде ойнай білуді.	

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті

Білім беру саласы:	Қатынас
Бөлімі:	Көркем әдебиет
Тақырыбы:	«Мысық пен тауық» Мысық пен тауық әңгімесі бойынша сызылған суреті, ойыншық мысық пен ойыншық тауық
Мақсаты:	Мақсаты: Кейіпкерлерге жаншылықпен қарауға, олардың ішкі сезімдері мен көңіл – күйін салыстыруға үйрету.
Қажетті құрал-жабдықтар, көрнекіліктер:	

кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық - қозғаушылық	«Сыйқырлы жіп» ойынын ұйымдастыру Мақсаты: Зейіндерін шоғырландыру Шарты:Шеңберде тұрып бір-біріне жылы лебіз айтады	Бір-бірлерін жылы лебіз айтады.
Ұйымдастыру- іздестіру	Топқа марғау (мысықтың баласы) келеді. Балалармен бірге қалғысы келетінін айтады. Бұдан соң топта тауықтың да бар екенін байқап, одан қорқатынын айтады. Педагог: Сен тауықтан қорқасын ба? – деп сұрайды. -Иә, - дейді мысық. Педагог: Сен оның балапандарын жеп қойған шығарсың. Онда мына әңгімені тыңдайық, марғау неге тауықтан қорқатынын білеміз. «Мысық пен тауық» әңгімесін оқу. Әңгімені талдау: -Әңгіме не туралы?	Марғаудың кіргеніне таңданып қарайды.Оған топта қалуға болатынын айтады. Тауық ешкімге тиіспейтінін айтады Әңгімені зер салып тыңдайды. Сұрақтарға

	-Мысық не істеді? -Тауық ше? -Не дұрыс жасады? -Ал не бұрыс жасады? Сергіту сәті: Тамаша, тамаша Қандай жақсы тамаша Би билейміз баршамыз Өніміз тұр жараса Түсіндіру. -Әр ана өз баласын қорғайды. Сондықтан әңгімедегідей жануарлардың, құстардың балаларына тиіспеңдер. Олардың аналары сендерге қатер туғызады. Сендерге ашуланып, жаман әсерін тигізуі мүмкін. Біздің де аналарымыз бізді қауіп -қатерден қорғап жүреді. Сендер жануарлардың балаларына қамқор болуға тырысыңдар. Оларды қинамаңдар.	жауап береді. Тақпақты қимылымен жасап, орындайды. Мұқият тыңдап , аналардың әрқандай жағдайда да өз баласына жаны ашып, баласын қорғайтынын біледі.
Рефлексивті-түзетушілік	«Дұрыс па ,әлде бұрыс па?» ойыны арқылы қорытындылау	Дұрыс әрекетті атағанда балалар, қолдарын шапалақтайды, бұрыс әрекет болғанда жерді аяқтарымен тарсылдатады.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек:	Жақынына жанашырлықпен қарауға, оларды жамандықтан қорғауға үйренеді.
Нені игереді:	Қамқорлық жасай біледі.
Нені біледі:	Күнделікті өмірде жанашырлық таныта біледі.

Технологиялық карта.

Тақырыбы: «Арыстан мен тышқан» (латыш ертегісі).

Білім беру саласы: Қатынас.

Бөлімдері: Көркем әдебиет.

Мақсаты: «Арыстан мен тышқан» ертегісінің мазмұнымен таныстыру, ертегіні оқып беру, тіл байлықтарын молайту,қызығушылықтарын арттыру, ойлау қабілеттерін дамыту. Арыстан мен тышқанның айырмашылығын айту.

Алдын-ала жүргізілетін жұмыстар:арыстан, тышқан.

Қолданылатын көрнекі құралдар: суреттер, атрибуттар, үлгілер,

Арыстан мен тышқан кейіпкерлерінің бейнесі.

Қостілділік компонент/ билингвальный: арыстан-лев, тышқан-мышка.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Себепті–қозғаушылығын ояту кезеңі	Ұйымдастыру кезеңі. Шаттық шеңбері. Балаларды ертеңгісін көңіл күйлерін көтеретін, ұйқыдан оятатын, бойларын сергітетін өте көңілді әнмен шаттық шеңбері жасалады. Көк Тудың желбірегені Жаныма қуат береді. Таласқа түссе жан мен Ту, Жан емес, маған керегі- Көк Тудың желбірегені.	Балалар қимылдар жасайды.
Ұйымдастырушылық ізденіс кезеңі	Кіріспе әңгіме. -Бүгінгі іс – әрекетімізде«Арыстан мен тышқан» атты латыш ертегісімен танысамыз. Ертегі өте қызықты екен. Жалпы мазмұнын айта кету. Ертегіні оқып беру. Сұрақ – жауап. -Балалар, сендерге ертегі ұнады ма? -Арыстан қайда жүреді? -Арыстан мен тышқанның айырмашылығы неде? -Арыстан мен тышқан туралы қандай таппақ білесіңдер?	Балалар жауап береді. Саваннада Арыстан – үлкен, Тышқан – кішкентай
Іс-әрекетті бақылау кезеңі	Қорытындылау: Балаларға әр түрлі қимылдар жасату: Тікелейіп құлағы Менен бұрын тұрады. Бойын жазып керіліп, Беті – қолын жуады. Диалогты сөздермен балаларға әңгімені рөлдер арқылы ойнату.	Қимылдар жасайды. Рөлге бөлініп ойнайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ертегінің мазмұнын.

Игереді: ертегіні тыңдауға деген қызығушылығын арттыруды.

Меңгереді: рөлге бөлініп ойнауды.

Білім беру саласы: Қатынас.

Бөлімі: Тіл дамыту.

Тақырыбы: «Қасқыр мен түлкі» ертегісі

Мақсаты: Балаларды «Қасқыр мекн түлкі» ертегісімен таныстыру, Ертегі арқылы балаларды адалдыққа, достықта болуға дағдыландыру, Балаларды ақылды болуға тәрбиелеу.

Қос тілділік компонент: Түлкі – лиса -

Іс- әрект кезендері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық- қозғаушылық	Балаларды шеңбер бойына жинап, Жылы тілектер айтқызу. Балалардың назарын сабаққа аудару	Балалар шеңберге жиналып, бір-біріне тілек айтады
Ұйымдастырушылық-ізденушілік	Қазір біз ертегілер еліне саяхатқа шығамыз. Бүгін біздің алдымыздан қандай ертегі кейіпкерлері шығады екен. Иә, мына кейіпкерлерді танысыңдарма? Ендеше бүгін мен сендерге «Қасқыр мекн түлкі» атты ертегіні айтып беремін. Ертегіні айтып беру. Сұрақтар қою арқылы балалардан не түсінгендерін сұрау. Түлкі неліктен жолда жатады? Оны шал шанасына салып алама? Түлкі не істейді? Қасқырды түлкі қалай алдайды? Ертегідегі кейіпкерлерді атап беріндерші? Ойын: «Қай ертегі кейіпкері» Ертегіні қалай түсінгендерін сұрау. Ертегіні рөлдерге бөлдіріп ойнату	Балалар тәрбиеші апаймен бірге ертегілер еліне саяхатқа шығады. Балалар ертегіне бар назарларымен тыңдайды. Тәрбиешінің қойған сұрақтарына толық жауап береді. Ойынды балалар қызығушылықпен ойнайды Ертегіні балалар рөлдерге бөліп ойнап шығады
Рефлексивті- түзетушілік	Сабақты қорытындылау	

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Ертегі кейіпкерлерін.

Нені игереді: «Қасқыр мекн түлкі» ертегісін

Нені біледі: Ертегіні мазмұндай

Білім беру саласы: Коммуникация. Шығармашылық.

Бөлімі: Сөйлеуді дамыту.

Тақырыбы: «Шұбар тауық».

Мақсаты: а)Балаларға ертегі мазмұнын әңгімелеп беру.Ересектердің айтқанын тыңдап,түсіне білуге,сұрақтарына жауап беруге үйрету.ә)Есте сақтау қабілеттерін дамыту және сөздік қорларын молайтып,байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру.

б)Ертегі мазмұны арқылы бір-біріне қамқор болуға,сыйастыққа тәрбиелеу. тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: 2 демонстрациялық материал,(ертегі кейіпкерлерінің суреттері), «Шөжелерім» әні жазылған ұнтаспа.

Алдын-ала жүргізілетін жұмыс:бейнетаспадан «Шұбар тауық» ертегісін көрсету.

Сөздік жұмыс: шұбар тауық,қауырсын,жұмыртқа,тышқан.

Билингвальды компонент: ата-дедушка,әже-бабушка,тауық-курица,жұмыртқа-яйцо,тышқан-мышь.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық – қозғаушылық	-Балалар,бүгін күн қандай? -Күн ашық па? -Жылдың қай мезгілі? т.б. Шұбар тауық туралы өлең оқып береді. Шұбар тауық мүлдем Жолатпайды барса. Ұясында жүрген Балапаны қанша? Балапанын тауық Қызғанады жаман. Қанатымен жауып, Санатпайды маған. (Ұ.Есдаулетов)	Сұрақтарға жауап береді. Балалар өлеңнің мазмұнынан түсінгендерін айтып беруге тырысады.
Ұйымдастырушылық – ізденістік	Демонстрациялық көрнекілікті көрсету. -Балалар,сендер білесіңдер ме,тауықтар қандай түсті болады?Ақ түсті,қызыл түсті,шұбар ала түсті тауықтар болады екен. Мен сендерге осы «Шұбар тауық» ертегісін әңгімелеп беремін. Баяғыда бір атай мен әжей күнін эзер көріпті.Олардың жалғыз шұбар тауығы болыпты.Тауық бір күні алтын жұмыртқа тауыпты.Атай жұмыртқаны жерге ұрыпты,бірақ әлгі жұмыртқаны жара алмапты.Бір тышқан зырылдап жүріп,құйрығымен қағып кетіпті,сол кезде жұмыртқа жерге түсіп кетіп,жарылып қалыпты.Атай мен әжей жылапты.Сонда оларды тауық былай деп жұбатыпты: -Жыламашы, апашым!Мұңаймашы,әжешім! Мен сендерге жылтылдаған алтын емес,ас болатын қарапайым жұмыртқа тауып беремін,-депті. -Балалар, сендерге ертегі ұнады ма? -Онда,осы шұбар тауықтан алынған қауырсыннан «Қауырсынды үрлеу» ойынын ойнайық.(<i>Шұбар тауық,қауырсын</i> сөздерімен сөздік жұмыс жүргізіледі). Тыныс алу жаттығуы. Жеңіл қауырсынды «уф-уф-уф» деп үрлеуді көрсетеді. Сергіту сәті: Қанат жаям жалма жан, Талпынғандай ұшуға. Иілем де қол созам Аяғымның ұшына. Бір!Екі!Бір!Екі!	Балалар ертегіні тыңдайды. -Иә ұнады. Балалар қауырсынды үрлеп ойнайды. Қимылын келтіріп жаттығуды орындайды. Әнді тыңдай отырып,

	(С.Қалиұлы). Дидактикалық ойын: «Балапандарды тамақтандыру». Ойын шарты: «Шөжелерім» әнін тыңдата отырып, қимылмен балапандарға жем шашуды көрсету.	қимылмен балапандарға жем шашады.
--	---	-----------------------------------

Рефлексиялық - түзетушілік	Педагог жеке-жеке балаларға ертегі кейіпкерлерінің суретін көрсете отырып, сұрақ-жауап әдісі арқылы оқу іс-әрекетін қорытындылайды. Билингвальды компонент: ата-дедушка, әже-бабушка, тауық-курица, жұмыртқа-яйцо, тышқан-мышь. -Балалар, ертегі кімдер туралы? -Атай мен әжейдің қандай тауығы болыпты? -Ол не тауыпты? -Жұмыртқа қандай болыпты?	<i>ата-дедушка, әже-бабушка, тауық-курица, жұмыртқа-яйцо, тышқан-мышь.</i> -Атай мен әжей туралы. -Шұбар тауығы. -Алтын жұмыртқа. -Қатты.
-----------------------------------	---	---

Күтілетін нәтиже:

Орындайды: ертегіні тыңдап, мазмұнын айтуды.

Түсінеді: «Шұбар тауық» ертегісінің мазмұнын.

Қолданады: жаңа сөздерді сөйлемдер құрастыру үшін.

Білім беру саласы: Шығармашылық.

Бөлімі: Мүсіндеу

Тақырыбы: « кірпі»

Мақсаты:

Білімділік: балаларға кірпі туралы мағлұмат беру; **Дамытушылық:**ермексаз бен шырша қылқандарын пайдаланып, кірпі пішінін жасауды меңгерту.ермексазды алақан арасына салып домалақтай алу тәсілін үйретуді жалғастыру, тілдерін дамыту,саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру.

Тәрбиелік:жануарларды қорғауға тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекіліктер, қажетті құрал-жабдықтар: кірпінің суреттері, ермексаз, тақтайша, шырша қылқандары, сулық, үлестірмелі материал, ойыншық қоян.

Алдын ала орындалатын жұмыс: кірпінің күзгі тіршілігі туралы әңгімелеу.

Сөздік жұмыс: ғажайып.

Қостілділік компонент:жол – дорога, кірпі – ежик.

Оқу қызметінің кезеңдері	Тәрбиешінің-қызметі	Балалардың -қызметі
Мотивациялық-қозғаушылық	Ғажайып сәт Тәрбиеші балаларға орманнан ақылды ақ қоян келгендігін, ол өзінің досы туралы балаларға жұмбақ жасырғысы келіп тұрғанын айтады. Бір мақұлық бар екен төрт аяқты, Доп – домалақ, арқасы мың тікенді. Ашуланса аяғын көрсетпейді, Көресің көз салсаң бір ғажайыпты.	Балалар қоянмен сәлемдеседі. Балалар да өздерінің достары жайлы әңгімелейді. Балалар жұмбақтың шешуін табады. Жауабы: кірпі.
Ұйымдастыру-шылық-ізденістік	Сөздік жұмыс:ғажайып. Қоян шынымен кірпімен дос екенін айтады. Тәрбиеші балаларға иллюстрациялық суреттерді көрсете отырып, кірпі туралы мағлұмат береді. Кірпі – жабайы, ол орманда өмір сүреді. Қыс бойы жергетүскен қалың жапырақ астында ұйықтап жатады. Кірпінің денесі тікенекті болады, төрт аяғы, екі көзі мен құлағы бар. Жауын көрсе, аяқ – қолын жинап домалана қалады. Кірпі денесінің сипатына талдау жасалынады. -Балалар, кірпіні мүсіндесек қайтеді? -Кірпіні мүсіндеу үшін ермексаздың қандай түсін аламыз? Қостілділік компонент: жол – дорога, кірпі – ежик. Сергіту сәті Ал, балалар, тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. Оңға қарай иіліп, Солға қарай иіліп, Жоғары-төмен қарайық, Орнымызды табайық. -Алдымен ермексазды алып, оны домалақтаймыз. Домалақ бөлшекті сопақша пішінге келтіреміз. Созу арқылы тұмсығын шығарамыз. Кішкентай дөңгелектер жасап, тұмсығының үстіне, көзінің орнына жапсырамыз. Тікенектерін шырша қылқанынан жасаймыз.Тікенектер ермексазға оңай қадалады.салмайды -Шырша қалқандарымен жұмыс қандай қауіпсіздік ережелерін сақтауымыз керек?	Қайталайды: ғажайып. Балалар кірпі суреттерін тамашалап,ол туралы өздерінің білгендерін баяндап береді. Тәрбиешіні тыңдайды, жауап береді. -Кірпінің денесі сопақша болады.Денесінен кішкентай тұмсығы шығып тұрады.Аяқтары кішкентай. Қалың тікенінең аяқтары көрінбейді. Мүсіндеуге ынта білдіреді. -Сұр немесе қара түсеі ермексазды аламыз. Балалар қайталайды. Балалар педагогпен бірге іс – қимылды қайталайды

	-Кірпі көбіне қай жерлерде болады? Балалардың назарларын қолдарына үлестіріп берген сюжетті суретке аударады. -Суретте не бейнеленген? -Орманның ішіндегі жолды көрдіңдер ме? Жасаған кірпілеріңді осы жолға орналастырыңдар.Балалар мен жеке жұмыс жүргізеді.	Үшкір затты өзінің, басқа да адамдардың көзіне жақындатуға болмайды. Ауызға салмайды. Жерге тастауға болмайды. Үлестірмелі материалға қарап, жауап береді. Орман көрінісі бейнеленген. Балалар жасаған кірпілерін жолдың үстіне қояды.
Рефлексиялық – түзетушілік	Балалар, кірпі бұл жолмен қайда бара жатыр деп ойлайсыңдар? Ормандағы кірпі туралы өздерің шығып әңгіме құрастырып көріңдер. Қоян балаларға ризашылығын білдіреді. Балалармен қоштасады.	Кірпі орманға бара жатыр. Балалар өздері құрастырған әңгімелерін айтады. Қуаныштарын білдіреді. Қоянмен қоштасады.

Біледі: ермексазды алақан арасына салып домалақтайды, сопақша пішінге келтіреді, созып тұмсығын шығару арқылы кірпіні мүсіндейді.

Игерді: қауіпсіз жұмыс істеуді, кірпінің тіршілігі туралы мәліметті.

Меңгерді: оқу іс –әрекеті барысында алынған дағдыларды

Мақсаты: Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыру. Ойлау, есте сақтау, еске түсіру қабілеттерін қалыптастыру. Ауызекі сөйлеу тілін дамыту. Адам бойына жат қасиет тілазарлықтан аулақ болып, кешірімді болуға тәрбиелеу.

Алдын-ала жүргізілетін жұмыстар: Ертегі кейіпкерлерінің суреттерін көрсету.

Әдіс-тәсілдер: әңгімелеу, сұрақ-жауап, сахналау

Қажетті көрнекі құралдар: суреттер, атрибуттар, хрестоматия

Қостілділік компонент: мысық- кошка

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Себеппі қызығу-шылығын ояту кезеңі	Балалар шеңбер бойына тұрып, тәрбиешімен бірге өлең жолдарын айтады. Айдай арайлап, Жұлдыздай жарқырап, Күндей күлімдеп, Судай таза көңілмен Бүгінгі күнімізді бастаймыз.	Шеңбер бойына тұрып, тәрбиешімен бірге өлең сөздерін қайталады.
Ұйымдас-тырушы-лық ізденіс кезеңі	- Балалар, бүгін біз оқу іс-әрекетінде алдымен «Мақта қыз бен мысық» ертегісін оқып, одан кейін мазмұнын талдаймыз. Кәне, бәріміз жайғасып отырайық, ертегіні тыңдаңыздар. Ертегіні оқып беру. Сұрақ – жауап арқылы әңгімелеу. - Балалар, қандай кейіпкерлерді естеріңе сақтадыңдар? - Мақта қыздың қылығы сендерге ұнады ма? - Ол дұрыс істеді деп ойлайсыңдар ма? - Мысық жапырақ сұрап неге барды? - Мысық сиырдан не сұрады? - Қыздар мысықтан не сұрады? - Дүкенші мысыққа не берді? - Мысық сиырға не берді? - Мысық тауықтан не сұрады? - Тышқан мысыққа не берді? - Мысық ағашқа не берді? - Тауық мысыққа не берді? - Мысық қыздарға не берді? - Мысық ағашқа не берді? - Енді, балалар, ертегінің мазмұнын түсінген болсаңдар, кәне, кейіпкерлердің рөлін ойнап, сахналап көрейік. Балаларды	Мақта қыз, мысық, тышқан, тауық, т.б. Ұнады Ағаш Қатық Сағыз Сағыз Жапырақ Жұмыртқа Тары Су Жұмыртқа Сағыз

	рөлдерге бөліп, ертегіні сахналап, тамашалаймыз. Ертегіні талдау. - Балалар, сіздерге қай кейіпкер ұнады? - Ертегі ұнады ма? Сергіту сәті. Беті, қолын жуады, Тышқандарды қуады. Тазалықты сақтайды, Апам оны мақтайды. Дидактикалық ойын: «Төлдер қалай дыбыстайды?» ойны арқылы әр малдың төлдерінің қалай дыбыстайтынын айту. Жеке жұмысты қажет ететін балалардан төлдердің қалай дыбысталуын қайталату. Балалар, төлдердің қалай дыбыстайтынын білмесе, өзім көмектесемін. Бірінші топпен айтқызып, кейін әр баламен жеке жұмыстанамын.	Су Ертегіні сахналау балаларға ұнады. Сұрақтарға жауап берді Өлең сөздерін қосылып, қайталады. Ойынға белсене қатысты
Іс-әрекетті бағалау кезеңі	- Балалар, сендерге бүгінгі оқу іс-әрекеті ұнады ма? - «Мақта қыз бен мысық» ертегісінің мазмұнын түсіндіңдер ме? Қорытындылау мақсатында балаларға бірнеше сұрақтар қойып, жауабын талдаймын. Сұраққа дұрыс жауап береген балаларды атап, мадақтаймын.	Сұрақтарға өз беттерінше жауап беруге талпынды.

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: Ертегіні тыңдап, мазмұнын айта біледі

Қандай түсініктерді игерді: кейіпкерлерді атап, олардың рөлін сомдауды игерді.

Меңгерген дағдылары мен іскерліктері: төлдердің қалай дыбыстайтынын меңгерді.

Ұйымдастырылған оқу іс - әрекетінің технологиялық картасы

Білім беру саласы: «Әлеуметтік орта»

Бөлімі: «Экология негіздері»

Тақырыбы: «Жыл мезгілдері»

Мақсаты: Балаларға жыл мезгілдері туралы тбілімдерін тиянақтау, бекіту. Ой - өрісін, қимыл – қозғалысын, көркемдік талғамын дамыту; тбиғатты аялауға, әсемдікті көре білуге тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекілік: Жыл мезгілдерінің суреті.

Әдіс – тәсілдері: Көрсету, түсіндіру, әңгімелесу, үйрету, қайталату, бекіту.

Жаңа сөздер: жыл мезгілі, ауа райы.

Әрекеттің кезеңдері	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивациялы – ынталандыру кезең.	I.Кіріспе бөлім. 1.Ұйымдастыру кезеңі: 2.Амандасу рәсімі: Амандасу рәсімі: Біз гүлдерше өсеміз, Жапырағы жайқалған. Сабақтары салалы, Ары – бері ырғалған. Кіріспе сұрақтар қою: Балалар, қанеки есімізге түсірейікші жылдың неше мезгілі бар? -Жыл мезгілдерін атаңдаршы -Қазір жылдың қай мезгілі? -Күз айларын атаңдаршы?	 Балалар шаттық шеңберіне тұрып бір – біріне күлімдеп амандасады, жылы тілектерін білдіреді. Жылдың төрт мезгілі бар. Қыс, көктем, жаз, күз. Жыл мезгілі - күз. Қыркүйек,қазан,қараша.

Ұйымдастыру ізденгіш кезең.	II.Негізгі бөлім. Тәрбиеші: Балалар бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: «Жыл мезгілдері ». Қазір сендермен жыл мезгілі туралы әңгімелесеміз. Балаларға әр жыл мезгілімен таныстыру, айту. Жыл мезгілі төрт мезгілден тұрады. Олар – Күз, қыс, көктем, жаз.Бір жылда 12 ай бар. Күз айлары- қыркүйек, қазан, қараша. Ағаштардың жапырақтары сарғаяды. Құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Адамдар жылы киіне бастайды.Сабақ басталады,балалар мектепке барады. Бау – бақша жемістер мен көкөністер піседі. Күзде жұмыс өте көпболады.Қыс айлары- желтоқсан, қаңтар, ақпан. Қыста күн суытады,қар жауады, боран болады.Адамдар жылы киімдерін киеді. Балалар коньки, шаңғы тебеді. Қыс – жылдың ең суық мезгілі. Көктем айлары- наурыз, сәуір, мамыр. Көктемде күн жылынады. Ағаштар бүршік жарады. Құстар жылы жақтан ұшып келе бастайды. Жаз айлары - маусым, шілде, тамыз. Жаз мезгілі - өте ыстық болып келеді. Жазда балалар демалады. Олар ауылға, үлкен қалаларға, лагерьге барады және балалар суға шомылады, күнге күйеді. Балалар жаз мезгілін өте жақсы көреді.Тәрбиеші: Ал балалар, қазір бәріміз бірге жұмбақ шешйік: Бір ағаштың он екі бұтағы бар. 1.Әр бұтақта отыздан жапырағы бар. Жапырақтың бір жағы ақ,бір жағы қара. (Жыл,ай,отыз күн,күн мен түн.) 2.Табаныма байладым, Қос таяқпен айдадым (Шаңғы) 3.Төгіліп жерге ақ моншақ, Ғайып болды сол шақта-ақ. (Бұршақ)	Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды.
---	--	--

	Тәрбиеші: Енді балалар, мақал-мәтелдер жаттап үйренейік. 1.Қыс азығын жаз жина. 2.Көктемде түскен бір дән. Күзде мың дән болады. 3.Қыс қарлата келеді. Көктем жауындата келеді. Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп – кішкентай ағаштар, Үлкен болып өседі.	Балалар, тәрбиешімен бірге жұмбақтарды шешеді. Балалар, тәрбиешімен бірге мақал – мәтелдерді қайталап жаттайды. Балалар сергіту сәтін жасайды.
Рефлексиялық түзету кезеңі.	III.Қортындыбөлім: Оқу іс – әрекетіне белсенді қатысқан балаларды мақтау, мадақтау.	Балалар мақтауға риза болады.

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Балалар жыл мезгіліндегі өзгестерді, жыл құстары мен қыстап қалатын құстар түрлерін, аңдардың қысқа дайындығын, олардың жыл мезгіліндегі әрекеттерін.

Болу керек: Балалар жыл мезгілдері, түстер жайлы білімдері.

Істей білу керек: Балалар суретке қарап әңгіме құрастыра алуы, жұмбақтар шеше алуы, жыл құстары мен қыстап қалатын құстарды ажырата алуы

Ұйымдастырылған оқу іс- әрекетінің технологиялық картасы

Білім беру саласы:”Қатынас”

Бөлімі: Тіл дамыту

Тақырыбы: «жыл басына таласқан жануарлар»

Мақсаты:

а)Көкөністер,жемістер туралы түсінік беру.Оларды сипаттап айтуға үйрету.

ә)Сөз қорларын дамыту,еске сақтау қабілеттерін,сұраққа жауап беруге жетілдіру.

б)Ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Алдын-ала жүргізілетін жұмыстар: Балалармен көкөністер мен жемістер туралы жұмбақтар шешу.

Әдіс-тәсілдер: Түсіндіру,көрсету,сұрақ-жауап,сергіту сәті,ойын.

Қажетті көрнекіліктер мен құралдар: көкөністер мен жемістердің суреттері.

Билингвалдық компонент: тәтті-сладкий,көкөністер-овощи,жемістер-фрукты, себет-карзина, тәрелке-тарелка.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	Шаттық шеңберіне тұрғызу. Дөңгеленіп тұрып: -Арайлап атқан таңымыз аппақ, Арайлап атқан таңымыз ашық, Арайлап атқан таңымыз жарқын, Арайлап атқан таңымыз қуанышты болсы!	Балалар шеңберге тұрады. Тәрбиешімен бірге өлеңдер жолын қайталап,қимылдар жасайды. -Арайлап атқан таңымыз аппақ, Арайлап атқан таңымыз ашық, Арайлап атқан таңымыз жарқын, Арайлап атқан таңымыз қуанышты болсы!

Іздену-ұйымдас тырушы	<i>Ғажайып сәт: «Ғажайып қалта».</i> Балаларға «Ғажайып қалта» ойынын ойнайық. Қазір мен Ғажайып қалтадан жемістер мен көкөністерді бір-бірлеп көрсетемін. Ал,сендер оның атын атап,түсін ажыратасыңдар. Және де ол көкөніспен, әлде жеміспен соны атайсыңдар.Жемістер мен көкөністердің үлкен-кіші,тәтті-ащы екенін ажырату,қайда өсетіні жөнінде айтқызу. <i>Дыбыстық жаттығу.</i> <i>Ti-mi- tәтті.</i> Ал,балалар енді бір сергіп алайық. Сергіту сәті: Орнымыздан тұрамыз, Қолымызды көтеріп, Алма ағашындай жайқалып, Әдемі болып өсеміз. Үлестірмелі суреттермен: «Кім жылдам?» дидактикалық ойын. Шарты: Шашылып жатқан көкөністер мен жемістерді тәрелкеге жинайды. Шапшаңдыққа,жылдамдыққа үйрету. Кім көп,тез жинаса сол жеңеді. Билингвалдық компонент: тәтті-сладкий,көкөністер-овощи,жемістер-фрукты, себет-карзина, тәрелке-тарелка. Дидактикалық ойын: «Дұрыс сал!» Шарты: көкөністер мен жемістерді дұрыс салу.	Балалар ғажайып сәтке таң қалады. Ойын ойнауды тағатсыздана күтеді. Балалар тәрбиешімен бірге көкөністер мен жемістерді ажыратып айтады. Олардың түстерін де атап кетеді. Жаттығуды қайталайды. Балалар тәрбиешімен бірге сергіту сәтін жасайды. Жемістердің суреттерін тәрелкеге, ал көкөністерді себетке жинайды. Қайталайды: тәтті-сладкий,көкөністер-овощи,жемістер-фрукты, себет-карзина, тәрелке-тарелка. Балалар көкөністер мен жемістерді көрсеткен затқа дұрыс салды.
Рефлексивті коррекция лаушы	Балаларға сұрақтар беріп,қайталату. Балаларды мадақтап,мақтау.	Балалар қайталайды. Балалар түрлі қимыл-қозғалыстар жасайды.

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: көкөністер мен жемістердің атауларын.

Қандай түсініктерді игереді: көкөніс,жемістер туралы түсінікті.

Меңгерген дағдылар мен іскерліктері: сөз тіркестерін дұрыс айтуды.

Білім беру саласы: “Қатынас”

Бөлімі: Тіл дамыту

Тақырыбы: «Әдептілік еліне саяхат». (өткізген тәрбиеші)

Мақсаты: Балаларды «Амансың ба?», «Сауымысың», «Сау болыңыз», «Өтінемін» т.б. сиқырлы сөздердің мағынасы жөнінде білімдерін бекіту; баланың үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, жауапкершілік сезімдерін дамыту; байланыстыра сөйлеуге үйрету; диалог құрай білу; сөйлеушіні тыңдай білу; тапқыты мәнерлеп айту.

Әдіс-тәсілдер: ойын, көрсету, сұрақ-жауап, әңгімелесу.

Алдын-ала жүргізілетін жұмыстар: Е.Өтетілеуовтың суреті, оның өмірі, шығармасы туралы әңгіме, иллюстрациялық кітаптар қарау, қайталау, ата-аналар көмегі.

Керекті құрал: Орман декорациясы: ағаштардың бұтағы, саңырауқұлақтар, гүлдер, тақырыпқа байланысты салынған суреттер: доп, қоян, тиін, кірпі, аю, түлкі атрибуттары, аңдардың жұмсақ ойыншықтары.

Сөздік жұмыс: өтінемін, болама, ғафу етіңіз, беріңізші, көмектесіп жіберіңізші.

Қос тілділік компоненті: аспан- небо, кешіріңіз- извините, дос- друг, әдептілік- вежливость, ұзын- длинный, қысқа- короткий.

Ұйымдастырылған оқу іс- әрекет түрінің барысы:

Тәрбиеші: Жапырағы жайқалған орманда аңдар өмір сүріпті. Олар: аю, түлкі, тиін (бетперделерін кигіземін). Өздері сондай шыдамсыз, бір орында отыра алмайды екен.

Жан-жағын шашып, саңырауқұлақтарды құлатып, гүлдерді басып, жұлып тастайды екен (балалар көріністі көрсетеді).

Бір күні орманда қызықты оқиға болыпты. Әдептілік еліне ұшып бара жатқан Сыпайылық ханшайымының қолшатыры сынып, орманға қонуға тура келіпті (Ханшайым келеді).

Ханшайым: Менің қолшатырыма не болды, мен қайда тап болдым. Мынау әдепсіздер орманы емес пе?

Саңырауқұлақтар жұлынған, гүлдер тапталған. Әдепсіз, тентек аңдар тұратын болды ғой. Осылай жалғаса беретін болса, онда ормандағы бүкіл өсімдік: ағаш, саңырауқұлақ, гүлдер құрып кетеді.

Балалар, сендер де бақылап отырсыңдар ма? Сіздермен танысайын.

Сәлеметсіңдер ме балалар! (балалар жауабы: «Сәлеметсіз бе, Ханшайым»).

Атың кім? (1-2 балаладан сұрайды).

Тәрбиеші: Ханшайым, балалар аттарының қандай дыбыстан басталатынын және дыбысты айыра алады.

(Балалар жауабы: Менің атым Ернар - Е дыбысынан басталады т.с.с.

Н-а-а-зерке- балалар а дыбысын айырады.

3-4 мысал келтіру, сұрау.

Ханшайым: Балалар, мына әдепсіздіктен не істесем екен? (ойланады) Сиқырлы таяғыммен сыпайылық елінен достарымды шақырайын (кетеді).

Тәрбиеші: Сыпайылық елінде Бақтияр деген бала болыпты. Оның достары көп екен. Бәрінен қоян мен кірпіні жақсы көреді екен. Бір күні Бақтияр далаға шықса, екеуі ренжісіп отыр екен. (Қоян мен Кірпі отырады).

Бақтияр: Екеуіңе не болған, ренжісіп қалдыңдар ма?

Қоян: Мен кірпімен дос болмаймын. Ол әдепсіз. Мен оған сәлем, достым десем, жауап бермейді.

Кірпі: Сол сөзді жүз рет айтасың, сені кеше ғана көрдім ғой.

Бақтияр: Кірпі, оның не, қоян досым ауырып қалсын дейсің бе?

Кірпі: Жоқ, мен ауырып қалғанын қалаламаймын.

Бақтияр: Сәлеметсіз бе, деген сөз денің сау ма, ауырып қалма деген сөз емес пе?

Қоян: Сен өзің ғой, мені қыли деп мазақтай бересің.

Кірпі: Сен өзің менің атымды атамай, әй, сен деп айқайлайсың.

Бақтияр: Ой, жайларың белгілі болды достар бір-бірінді сыйлап, құрметтеу керек.

Қоян: Кірпі, кешір досым.

Кірпі: Сен де мені кешір. Татуласайық қоян досым, екеуміз балаларға тапқақ айтып берейік.

Е.Өтетілеуов «Қос қорқақ».

Абдырап сұр Көжек	Аяғым астында
Қалтырап тұр Көжек,	Құп-құрғақ жапырақ
«Бұл не шу, сыбдыр ?-деп,	бір адым бастым ба-
Маңайда жүр кім?-деп,	Кетеді саудырлап,

Әлде аңшы	Қаудырлап
Мылтығын кезеген,	Сол кезде
Не қасқыр	Өзім де
Олжасын көздеген	Дір ете қаламын,
Әлде аю	Лезде

Әлдене іздеген!»	Көзімді
-Қорықпа қылиым,	Тарс жұмып аламын-
Бұл, мен ғой-	Қос қорқақ күрсінді
Кірпімін.	Бір –бірін түсінді.

-Әй, осы қылығың!...
Алмайсың бір тыным
Құрттай боп,

Орманды
Көшіріп келесін
Елегізіп тұрғанда
Қорқыта бересің!-
деп Көжек
Ұрысып тастады
Кірпі де
Ақтала бастады
-Қайтейін Қылиым,
Жоқ басқа амалым
Қанше еппен жылжиын,

Бүлдіріп аламын

Тәрбиеші: Біз де егер ренжіскен жағдай болса, «Татуласу» тақпағын айтып достасамыз.

(Балалар екі-екіден бір-біріне қарап, қолдарын шапалақтай отырып айтады)

Татуласу.

Әкел, досым қолыңды

Татуласқан орынды

Өкпелесіп не таптық

Көрсет, кәне соныңды

Баққа бірге кірейік

Қол ұстасып жүрейік

Татулықтың белгісі

Кел, қосылып күлейік.

Тәрбиеші: (Аңдарға қарап)-Міне, қараңдаршы әдептілік елінде қандай ақылды балалар тұрады. Кәне сендер орманды тәртіпке келтіріп, саңырауқұлақ, гүлдерді жинаңдар. (Аңдар жинайды).

Ойын «Кім қандай сиқырлы сөздер біледі».

Ойын тәртібі: Бастаушы балаға доп лақтырады, бала мыс: сәлеметсіз бе, болама, сау болыңыз, өтінемін, беріңізші т.б. сөзді айтып кері лақтырады.

Ойын «Ұзын, қысқа сөздер»

Балалар алақандарын бір-біріне тигізе отырып сөздің ұзыны, қысқасын айырады.

Мысалы: сәлем - қысқа, сәлеметсіз бе - ұзын, бер - қысқа, беріңізші – ұзын (4-5 баладан сұрау).

Дәптермен жұмыс:Тәрбиеші тақтаға (магнитті) суретті іледі.

1 – жағдай. Анасы қызына алма сатып әкеледі. Анасы қызына түскі тамақтан соң жерсің деді. Алма сондай қызыл, дәмді еді. Қыз: Анашым, маған алма жеуге рұқсат беріңізші. Түскі тамақты тауысып ішіп қоюға уәде беремін,-деп сұрады.

Анасы қызына рұқсат берді ме? (Рұқсат берді, себебі қызы анасына беріңізші деп сиқырлы сөзді қолданып сұрады).

Біраздан соң ағасы мектептен келіп, алманы көрді де, екі алманы жеп қойды. Қалай ойлайсындар, ағасы дұрыс жасады ма? Неге? Сен не істер едің?

Сергіту сәті. Қазақша ай аттарын білесіндер ме?

2 – жағдай. 2 бала жасырынбақ ойнап жүрді. Бірі ағаш артына тығылмақ болып жүгіргенде құлап, аяғын жарақаттап алды.

Екіншісі оған тұруына көмектесіп, былай деді: Сен жылама, үлкенсің ғой, қазір сенің аяғыңды байлап береміз т.б. жұбату сөздері.

Білім беру саласы: Таным,

Әлеумет Бөлімі: Жаратылыстану

Тақырыбы: Кішкентай достарымыз

Мақсаты: адамдардың қамқорлығында өмір сүріп жатқан жануарлар туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру. Үй жануарларына күтім жасай білу дағдыларын дамыту. «Жануарларға қамқор болу керек» деген көзқарастарын қалыптастыру. . Көрнекі құралдар: жыл мезгілінің суреті, әртүрлі марғаулар, әртүрлі пішіндер ,клей. Сөздік жұмыс: мысық ,мұрты, Билингвалды компонент: мысық – кошка марғау-катенок Кіріктірілген оқу қызметі: жапсыру, ән, қарапайым математика Әдіс –тәсілі: сын тұрғысынан ойлау, топтастыру, мантессори әдісі.

Жұмыс кезеңдері Педагогтің басқарушылық қызметі Балалардың іс-әрекеті

Ынталандыру – қызығушылық

тарын ояту. Шаттық шеңберін ұйымдастыру . Кел балалар күлейік Күлкіменен түлейік Қабақ түю не керек Күліп ойнап жүрейік. Балалар шеңберге тұрып тапқасты айтады.

Ізденістік-

тырушылық Жылдың қай мезгілі? Дидактикалық ойын: Жақсы мен жаман -Балалар мен сендерге жұмбақ жасырамын . Мұртын сипап күн бойы, Бетін сусыз жуады. Тысырды аңдып түн бойы, Тышқанды көп қуады. (Мысық) Дұрыс балалар мысық екен. – Олай болса біз бүгін үйде асырайтын жануар – мысық туралы әңгіме жүргіземіз. Оларды қалай күтіп-баптау қажеттігін айтамыз. Мысықтың есту қабілеті өте жақсы. Ол өте әлсіз дыбысты ести алады. Сонан соң құлағын антенна сияқты көтеріп, дыбыстың тура қайдан естілгенін дәл табады. Мысық – жыртқыш. Өйткені ол тышқанмен қоректенеді. Оның мұрты да өте сезімтал. Мұртының арқасында түнде ешқандай затқа соқтықпай Қыс мезгілі Суретке қарап жақсы жаман екенін айтады. Мысық

емін-еркін жүре алады. Мысық тазалықты жақсы көреді. Аяғымен үсті-басын сүртіп, өзінің иісін кетіріп тастайды. Мысықтың баласын –марғау деп аталады. Балалар мысықты орысша- кошка деп атаймыз. Мысықтың баласы марғауды – катенок деп атаймыз. Мысық ойынды өте жақсы көреді. -Балалар өзіміз мысық болып ойнап көреміз бе ? Дидактикалық ойын: «Жіп шатастыру» - Балалар мысықтың жақсы көріп ойнайтын ойыны «Жіп шатастыру». Әжелеріміздің шұлық тоқитын жіптерін домалатып, шатастырып ойнайды, қазір біз марғау болып жіптермен ойнаймыз. Ойын шарты: «1-2-3 ойынға түс!» - дегенде мына себеттегі жіптерді шашып жіберемін, сендер оларды тауып қайтадан себетке тезірек жинайсыңдар. Кім тез жинаса, сол жеңімпаз мысық болады. Дидактикалық ойын: Мысықты тамақтандыр. Шарты: Әртүрлі ыдыстардың қасына сол түсті марғауды тауып апару.Түстерін атау. -Мысықтың ыдысын санайық - Нешеу болды? -Балалар өздерінде осындай мысықтың болғандарын қалайсыңдар ма? Ендеше біз мына пішіндерден мысықты құрастырамыз. Әртүрлі пішіндерден мысық құрастыру. Қандай пішін екенін қандай түс екенін балалардан сұрау. Осы әдемі мысығымызға арнап «Мысық» әнін орындап берейік. Марғау Мысық-кошка Марғау-катенок Ойнағымыз келеді. Ойынды қызыға ойнайды. Ойынды қызыға ойнайды. Мысықтың ыдысы бесеу. Балалардың жауабы.

Рефлексивтік- түзетушілік Сұрақтар қою арқылы қандай үй жануары туралы айтқаны балалардан сұрау Оқу-қызметін қорытындылау. Балаларды мадақтау. Ұйымдастырылған оқу-қызметі барысында алған танымдық ақпараттармен бөліседі.

Күтілетін нәтиже:

Айтады: Үйде асырайтын жануарлардың аттарын.

Түсінеді: Асыраған жануарларды қамқорлыққа алу қажеттігін:

Қолданады:үй жануарларын күтіп-баптау дағдыларын өмірлік тәжірибе

Білім беру саласы: Қатынас, шығармашылық

Ұйымдастыру оқу іс әрекеті: Тіл дамыту, көркем әдебиет, жапсыру

Тақырыбы: «Мақта қыз бен мысық»

Мақсаты: Ертегілер туралы білімдерін күшейту. Сөйлеу мәдениетін, еркін сөйлеп, өз ойларын дұрыс жеткізу. Баланың сөздік қорын дамыту, сөз өнеріне деген құрмет. Балаларды еңбекке, татулыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктері: Ортада үстел үстінде ыдыстар, қатық, сыпырғыш, маскалар, ағаш, тауық маскасы, тышқан киімі, шелек, мысық киімі, дүкен, сиыр киімі, мейіз, тары, қайшы.

Сөздік жұмыс: Миіз, дән, мысық, ағаш, тышқан, сиыр, тауық, жұмыртқа, жапырақ

Қостілділік:

1. Жапырақ - листья
2. Жұмыртқа - яйцо
3. Сиыр - корова
4. Мысық - кошка

Ұйымдастыру кезеңі:

Психологиялық дайындық жүргізу. Жылулық шеңберді ұйымдастыру. Балалармен шеңберде тұрып өлең жолдарын қайталап айту.

Қайырлы таң! (бастарын төменге қарату)

Қайырлы таң! (тәрбиешінің атын айту)

Қайырлы таң! (балалардың аттарын атап шығу)

Қайырлы таң! Көк Аспан! (қолдарын жоғары көтеру)

Қайырлы таң! Барлық жақсылық өзімізге (қолды екі жаққа жазу)

Балалар, енді сендердің бір күн бойы көңіл-күйлеріңнің жақсы болуына тілектеспін.

Ал, балалар, мен сендерге жұмбақтар жасырайын

-Қарандаршы балалар бізге бүгін қонақтар келіпті, қане амандасайық. Балалар сабақты тақпақпен бастайық:

Жұмбақтар

- 1) Тіршіліктің нәрі
Тазалықтың әрі
(су)
- 2) Екі айнасы бар
Екі найзасы бар
Төрт жылтырмағы бар
Бір шыбыртқасы бар
(сиыр)
- 3) Ағайынды бәрі
Шықса-жасыл
Шықса-сары
(жапырақ)

Сергіту сәті

Пеш үстінде мысық отыр

Аздап екі көзін қысып отыр

Тышқан етін жегісі кеп

Тісі оның қышып отыр

- Балалар, енді бүгінгі күн ерекше болғалы тұр, қане маған қарандар.

Қандай ертегілерді білесіңдер? (жауап)

«Мақта қыз бен мысық» ертегісін Ыбырай Алтынсарин атамыз жазған.

Тәрбиеші «Мақта қыз бен мысық» ертегісін

«Ерте, ерте, ертеде,

Ешкі құйрығы келтеде,

Мақта қыз бен мысық болыпты.

Екеуі дос болыпты...» - деп

дауыс ырғағын келтіріп, мәнерлеп оқып береді.

Бүгін ертегіні оқып, түсініп, көріп, біліп қана қоймай ертегі кейіпкерлерінің ролінде өзіміз ойнап көрсетеміз.

Білім беру саласы: Таным,

Әлеумет Бөлімі: Жаратылыстану

Тақырыбы: Біздің кішкентай достарымыз

Мақсаты: адамдардың қамқорлығында өмір сүріп жатқан жануарлар туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру. Үй жануарларына күтім жасай білу дағдыларын дамыту. «Жануарларға қамқор болу керек» деген көзқарастарын қалыптастыру. . Көрнекі құралдар: жыл мезгілінің суреті, әртүрлі марғаулар, әртүрлі пішіндер ,клей. Сөздік жұмыс: мысық ,мұрты, Билингвалды компонент: мысық – кошка марғау-кatenок Кіріктірілген оқу қызметі: жапсыру, ән, қарапайым математика Әдіс –тәсілі: сын тұрғысынан ойлау, топтастыру, мантессори әдісі.

Жұмыс кезеңдері Педагогтің басқарушылық қызметі Балалардың іс-әрекеті

Ынталандыру – қызығушылық

тарын ояту. Шаттық шеңберін ұйымдастыру . Кел балалар күлейік Күлкіменен түлейік Қабақ түю не керек Күліп ойнап жүрейік. Балалар шеңберге тұрып таппақты айтады.

Ізденістік-

тырушылық Жылдың қай мезгілі? Дидактикалық ойын: Жақсы мен жаман -Балалар мен сендерге жұмбақ жасырамын . Мұртын сипап күн бойы, Бетін сусыз жуады. Тысырды аңдып түн бойы, Тышқанды көп қуады. (Мысық) Дұрыс балалар мысық екен. – Олай болса біз бүгін үйде асырайтын жануар – мысық туралы әңгіме жүргіземіз. Оларды қалай күтіп-баптау қажеттігін айтамыз. Мысықтың есту қабілеті өте жақсы. Ол өте әлсіз дыбысты ести алады. Сонан соң құлағын антенна сияқты көтеріп, дыбыстың тура қайдан естілгенін дәл табады. Мысық – жыртқыш. Өйткені ол тышқанмен қоректенеді. Оның мұрты да өте сезімтал. Мұртының арқасында түнде ешқандай затқа соқтықпай Қыс мезгілі Суретке қарап жақсы жаман екенін айтады. Мысық

емін-еркін жүре алады. Мысық тазалықты жақсы көреді. Аяғымен үсті-басын сүртіп, өзінің иісін кетіріп тастайды. Мысықтың баласын –марғау деп аталады. Балалар мысықты орысша- кошка деп атаймыз. Мысықтың баласы марғауды – кatenок деп атаймыз. Мысық ойынды өте жақсы көреді. -Балалар өзіміз мысық болып ойнап көреміз бе ? Дидактикалық ойын: «Жіп шатастыру» - Балалар мысықтың жақсы көріп ойнайтын ойыны «Жіп шатастыру». Әжелеріміздің шұлық тоқитын жіптерін домалатып, шатастырып ойнайды, қазір біз марғау болып жіптермен ойнаймыз. Ойын шарты: «1-2-3 ойынға түс!» - дегенде мына себеттегі жіптерді шашып жіберемін, сендер оларды тауып қайтадан себетке тезірек жинайсыңдар. Кім тез жинаса, сол жеңімпаз мысық болады. Дидактикалық ойын: Мысықты тамақтандыр. Шарты: Әртүрлі ыдыстардың қасына сол түсті марғауды тауып апару.Түстерін атау. -Мысықтың ыдысын санайық - Нешеу болды? -Балалар өздерінде осындай мысықтың болғандарын қалайсыңдар ма? Ендеше біз мына пішіндерден мысықты құрастырамыз. Әртүрлі пішіндерден мысық құрастыру. Қандай пішін екенін қандай түс екенін балалардан сұрау. Осы әдемі мысығымызға арнап «Мысық» әнін орындап берейік. Марғау Мысық-кошка Марғау-кatenок Ойнағымыз келеді. Ойынды қызыға ойнайды. Ойынды қызыға ойнайды. Мысықтың ыдысы бесеу. Балалардың жауабы.

Рефлексивтік- түзетушілік Сұрақтар қою арқылы қандай үй жануары туралы айтқаны балалардан сұрау Оқу-қызметін қорытындылау. Балаларды мадақтау. Ұйымдастырылған оқу-қызметі барысында алған танымдық ақпараттармен бөліседі.

Күтілетін нәтиже:

Айтады: Үйде асырайтын жануарлардың аттарын.

Түсінеді: Асыраған жануарларды қамқорлыққа алу қажеттігін:

Қолданады:үй жануарларын күтіп-баптау дағдыларын өмірлік тәжірибе

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Жаратылыстану

Тақырыбы: «Жыл мезгілдері»

Мақсаты: Балаларға жыл мезгілдері туралы, мезгілге тән өзгерістер мен ерекшеліктер жайлы білімдерін кеңейте отырып, дүниетанымын, ой-өрісін дамыту.

Білімділігі: жыл мезгілдерінің ерекшеліктерімен таныстыру.

Дамытушылығы:табиғатқа деген сүйіспеншілікке баулу.

Тәрбиелілігі: сұрақты тындап, дұрыс жауап беруге тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілі: түсіндіру, ойын ойнау, әңгімелеу.

Қажетті құралдар: жыл мезгілдерінің суреті, төрт жыл мезгілі бейнеленген терек, бейнежазба .

Қызмет кезеңдері	Тәрбиеші қызметі	Балалар қызметі
Мотивациялық қозғаушы	-Сәлеметсіздерме, балалар! -Қараңдаршы, балалар біздерге апайлар қонаққа келіп қалыпты, қанекей, апайлармен үш тілде амандасайықшы?! -Шаттық шеңбері Қуан, шаттан! Қуан, шаттан! Қуанатын күн бүгін. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін. -Жарайсыңдар балалар!	-Сәлеметсіз бе! Қуанады! Үш тілде амандасады. Шаттық шеңберін тәрбиешімен бірге орындайды.
Ұйымдастырушы ізденушілік	Тәрбиеші: -Балалар бір жылда неше жыл мезгілі бар? -Қандай жыл мезгілдерін білесіңдер? -Балалар, бүгінгі ұйымдастырылған ашық оқу қызметіміз: «Жыл мезгілдері» деп аталады. Төрт жыл мезгілдерінің бейнесі бейнеленген ағаштар арқылы сұрақтар қойылады. -Әр жыл мезгілдерінің өз ерекшеліктері туралы атап кетеді. Тәрбиеші: -Қазір жылдың қыс мезгілі. -Қыста күн қандай болады? -Балалар қалай киінеді? -Қолдарына не киеді? -Аяқтарына не киеді? Қыстан кейін қай мезгіл? -Жарайсыңдар көктем мезгілінің ерекшеліктерің атаңдаршы? -Жарайсыңдар балалар! Тәрбиеші: -Енді жаз мезгілі қандай болады? Жазда күн қандай болады? -Жарайсыңдар балалар -Балалар қай мезгілде жапырақтар сарғаяды? -Жарайсыңдар, балалар күз мезгілінің ерекшеліктерін атаңдаршы? -Жарайсыңдар, балалар! Ғажайып сәт: Осы сәтте қыстың әуені ойнап балаларға қонаққа Жыл мезгілдерінің ханшайымы келеді. Ханшайым балалармен амандасады. Ханшайым: - Балалар, балабақшада «Жыл мезгілдері» туралы әңгімелесіп жатқандарын естіп әдейі келдім, жыл мезгілдері туралы суреттерімді ала келдім. Сендердің қаншалықты мені жақсы көріп ажырата	- төрт. - қыс, көктем, жаз, күз.  -Қызыға қарайды. -салқын -жылы -қолғап -етік -көктем -күн жылынады -ағаштар бүршік атады -ыссы -күзде -күн суытады Қызыға әрі таңдана қарайды!

	алатындарыңды білгім келді. Ханшайым: - Қане, кім айтып береді екен мен туралы? Тәрбиеші: - Балалар, қараңдаршы, Жыл мезгілдерінің ханшайымы аппақ болып киініп алыпты, неліктен деп ойлайсыңдар? - Өте дұрыс айтасыңдар! - Ал, балалар, ханшайымның әкелген суреттерін сөйлетеміз бе? - Ханшайым, онда сен жақсылап жайғасып отыр, балалардың жыл мезгілдері туралы, оларды бір – бірінен қалай ажырата алатындарын көріп, байқап отыр. Балалар, сендер менімен ойын ойнағыларың келе ме? Дидактикалық ойын: «Сәйкестендір» Шарты: жыл мезгілінің суретіне ерекшеліктерін сәйкестендіреді. -Балалар мен сендерге жыл мезгілдерінің суреттерін көрсетем, ал сендер суреттер арқылы қай жыл мезгіліне қайссы сурет сәйкес келеді соны анықтайсыңдар. Сергіту сәті: «Топ-топ» әні Ханшайым: - Балалар, сендерге көп рахмет, мен сендердің жыл мезгілдерін бір - бірінен ажырата алатындарыңа қуанып отырмын. Сурет бойынша да мен туралы әңгіме құрастыра алатындарыңа да көзім жетті. Мен осы суреттерді сендерге сыйлаймын, үнемі осы сияқты суреттермен әңгіме құрастырып, тілдеріңді жаттықтырып жүріңдер! Енді мен сендермен қуана қоштасамын. Келесі кездескенше сау бола қойыңдар.	Балалардың жауабы. Өйткені қазір қыс мезгілі, сондықтан да ханшайым аппақ болып киініп алған. (Тәрбиешінің көмегімен) -Иә Мұқият тыңдайды Қызыға ойнайды. Әуенге сәйкес қимылмен орындайды. Қуанады! -Сау болыңыз
Рефлексиялық түзетушілік	-Балалар, бүгінгі оқу қызметіміз ұнады ма? -Біз не туралы айттық? -Дұрыс айтасыңдар, жылда неше мезгіл бар екен, оларды атайықшы қане? -Ал, қазір жылдың қай мезгілі екен? -Дұрыс, жарайсыңдар балалар, бүгінгі ашық оқу қызметіміз аяқталды. Апайларға сау болыңыздар дейікші.	-Иә -Мезгілдер Балалардың жауабы. -Қыс Үш тілде қоштасады.

«ЫРҒЫЗ АУДАНДЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІ»

Педагогикалық
кеңес отырысында
хаттама №1

«4» 9 2020 ж

Келісемін
Ырғыз аудандық білім
бөлімінің басшысы: Б. Аманжол



2020 ж

Бекітемін:
«Алақай» бөбекжай-бақшасының
меңгерушісі: Р. Арықбаева

«28» 08 2020 ж



2020-2021 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН
«ОЙЛАН, ШАТТАН, БАЛАҚАЙ» ЖӘНЕ «ТАЗА АУАДАҒЫ ШЫНЫҚТЫРУ»
(вариативтік компонент)

«Алақай» бөбекжай-бақшасының
«Жұлдыз» ересек тобының
тәрбиешісі: Омарова М.С
Тексерілді:
«Алақай» бөбекжай-бақшасының
меңгерушісі: Р. Арықбаева

2020-2021 ОҚУ ЖЫЛЫ

